

АДАЛ АЗАМАТ – ҰЛТ КЕЛБЕТІ



Алматы қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ақсақалдар кеңесінің «Адал азамат – ұлт келбеті» атты V Республикалық форумы өтті.

Іс-шараға ҚХА төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, Парламент Мәжілісінің депутаты Сергей Пономарев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, ҚХА қоғамдық құрылымдарының мүшелері және өңірлік ақсақалдар кеңестерінің төрағалары қатысты.

Форум аясында ҚХА XXXIV сессиясында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды орындау мәселелері, Ассамблеяның 30

жылдық қызметінің қорытындылары талқыланды. Сондай-ақ этносаралық келісімді нығайтуда, жастарға дәстүрлі құндылықтарды дәріптеуде ақсақалдардың рөлі сөз етілді.

Пленарлық сессияда «Адал азамат» жобасын жүзеге асыру, этномедиацияны дамытуға, Аналар кеңестерімен өзара байланыс орнату, сондай-ақ жастарды адамгершілікке және патриотизмге тәрбиелеу секілді мәселелерге ерекше назар аударылды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ЖҮГІН ҰҚТЫРҒАН 100 КҮН



Жүз күн – жаңа қызметтің қыр-сырын анықтап қоймай, жаңа қадам жасауға, жаңа бас-тамалармен танылуға жеткілікті уақыт. Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Мақсұт Текетаевтың да жауапты қызметтің тізгінін ұстағанына жүз күн толған екен. Соған орай төрағамен сұхбаттасып, Маңғыстау облыстық сотының тыныс-тіршілігімен, түйткілді мәселелерімен, оны шешу бағытында қолға алынған шаралармен танысудың сәті түскен еді.

– **Мақсұт Нысанбайұлы, жаңа қызметте жетістікке жетіп, ел ықыласына бөлене беріңіз! Жалпы, сот саласының тірегі – судья. Ал сот корпусын сапалы, сауатты кадрлармен қамтамасыз етуде қандай қадамдар жасалуы керек?**

– Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанды қалыптастырып, қауіпсіз қоғам орнатуда сот саласының ықпалы жоғары екенін айтып, сот мәртебесін арттыруға, судья тәуелсіздігін нығайтуға үнемі назар аударып келеді. Бұл ретте кадрлық қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны жетілдіру, сот ғимараттарын жаңарту сынды нақты шаралар қолға алынууда.

Өңірімізде штаттық кестемен барлығы 86 судья қарастырылған, алайда бүгінде 19 судьяның орны бос. Тек облыстық соттың өзін алып қарасақ, белгіленген 15 судьяның орнында нақты 11 судья қызмет атқаруда.

(Жалғасы 5-бетте)

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Алматы қаласында Қазақстанның көрнекті заңгері, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Сұлтан Сартайұлы Сартаевтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтеді.

Сұлтан Сартаев – Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына зор үлес қосқан, отандық заң ғылымының көрнекті өкілі. Ол кеңестік кезеңнен бастап тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарына дейін құқық саласындағы күрделі реформаларға бастамашы болып, елдің заңнамалық негізін қалыптастырған тұлғалардың қатарында болды.

1990 жылы қабылданған «Қазақ ССР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны» әзірлеу барысында академик Сартаевтың заңгерлік ұстанымдары мен идеялары басты назарда болды. Бұл тарихи құжат Қазақстан-

ның тәуелсіздігін құқықтық тұрғыда бекіткен алғашқы ресми актілердің бірі саналады. Кейіннен, 1993 жылы қабылданған тұңғыш Конституцияны дайындау жұмыстарының бел ортасында да Сартаев жүрді. Ол заң жобасын әзірлеу барысында мемлекет пен азамат арасындағы құқықтық тепе-теңдікті сақтау, адам құқықтарын қорғау және демократиялық институттарды нығайту мәселелерін терең зерттеді.

Академик Сартаевтың заң шығарушылық қызметі тәуелсіз Қазақстанның саяси-құқықтық жүйесінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Ол көптеген маңызды заңдар-



дың авторы немесе бірлескен авторы ретінде танылды. Олардың қатарында «Қазақ КСР Президенті лауазымын енгізу туралы» (1990); «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» (1991); «Тілдер туралы» заңы (1989, кейін жаңартылған нұсқасы – 1997) бар. Осы заңдардың қабылдануы Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін нығайтуға, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға және демократиялық қоғам құруға құқықтық негіз қалады.

Атап айтқанда, «Тілдер туралы» заң – Сартаевтың ұлттық тіл мәселесіне деген жанашыр көзқарасының айқын дәлелі. Ол қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін заң жүзінде бекітіп, оны қоғамдық өмірдің барлық саласында қолдану қажеттігін алға тартты. Бұл заң тіл саясатының негізін қалап, ұлттық рухты көтеруге бағытталған маңызды құжатқа айналды.

Сұлтан Сартайұлының ғылыми мұрасы да аса бай. Ол 500-ден астам ғылыми еңбек, соның ішінде монографиялар, ғылыми мақалалар мен құқық теориясына қатысты зерттеулер жазған.

(Жалғасы 3-бетте)

4-бет



Шағым қабылдауда азаматтар құқығы бұзылмау керек

6-бет



Нашақорлыққа қарсы күрес – жарқын болашаққа қосатын үлес

8-бет

Бота ЕЛЕУСІЗОВА,
Алматы облысы
Ұйғыр
ауданының әкімі:

Өңірімізде
оң
өзгеріс
көп



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Қылмыстық заңнаманы қолданудың отандық тәжірибесіндегі қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың негізгі нысаны – қылмыстық заңмен қудаланатын әрекетті жасаған кінәлі адамға жаза тағайындау және оны іс жүзінде орындау. Бұл орынды да, өйткені мемлекеттің қылмыстылыққа қарсы саясатының басым ұстанымдары жазалар жүйесінен ерекше анық байқалады. Осы себепті кез келген қылмыстық-құқықтық реформа «қылмыс пен жаза» жұбының екі элементін қатар дамытуды көздеуі керек.

ЖАЗА ЖҮЙЕСІ – ДЕРБЕС ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТ

2009 және 2021 жылдардағы құқықтық саясат тұжырымдамалары қылмыстық заңмен жазаланатын әрекеттерді қылмыстарға және қылмыстық теріс қылықтарға бөліп, қылмыстық заңды «қылмыстық теріс қылық» ұғымымен толықтыру, қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңа ұғымын тұжырымдау қажеттігі туралы айта отырып, «жаза» институтының даму бағыттарын «қылмыс» институтында жоспарланып отырған өзгерістерге сәйкестендірудің біртұтас тұжырымдамалық идеясын ұсынбады. Дегенмен, жазаның кейбір түрлері мен санкцияларды жетілдірудің жекелеген бағыттарын айқындады.

2014 жылы қабылданған ҚР Қылмыстық кодексі отандық тәжірибеге көптеген соны жаңалықтар әкелді. Олардың ішіндегі ең бастысы да, бірегейі де – заңнамаға қылмыспен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтардың дербес бір тобын құрайтын «қылмыстық теріс қылық» санатының енгізілуі. Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан жазаланатын әрекеттердің бір-бірінен қоғамдық қауіптілігі мен жазаланушылығы бойынша ажыратылатын екі түрге бөлінуі олар үшін қолданылатын жазалар жүйесінің де түбегейлі өзгерістерге ұшырауына соқтырды. Бұл – қисынды құбылыс, егер қылмыстық заңнамада қоғамдық қауіптілігі әртекес әрекеттер қарастырылып, олардың жазаланушылығында ешқандай ерекшеліктер көзделмесе, қылмысты әрекеттерді түрлерге бөлудің мәні жойылған болар еді.

Еліміздің жаңартылған қылмыстық заңнамасына «қылмыстық теріс қылық» санатының енгізілуінің нәтижесінде жазалар жүйесінің құрылымы күрделеніп, оның құрамында қылмыстық теріс қылықтарға арналған жазалардың дербес жүйесі пайда болды.

Қылмыстық теріс қылықтарға арналған жазаларда жүйеге тән қасиеттердің барлығы бар: құрылымы күрделі, тұйықталған, бір тәртіпке келтірілген, элементтері өзара байланысты және өзара әрекеттес, функционалды, интегративтік қасиеттері бар.

Біріншіден, жазалар жүйесінің құрылымы күрделі болып келеді, яғни көптеген элементтерден құралады. Атап айтқанда, жазалар жүйесінде қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын жазаларды; негізгі, қосымша және балама жазаларды; құқықтық шектеулердің көлемімен айқындалатын қатандық дәрежесі бойынша әртектес жазаларды және т.б. бөліп қарастыруға болады. Өз кезегінде, жазалар жүйесінің құрылымдық бөлігі болып табылатын жазалардың жекелеген топтарының күрделі ішкі құрылымы бар.

Екіншіден, жазалар жүйесінің элементтері тұйықталған, шектеулі түрде



Айбар НҰРХАН,
ҚР Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясы Кәсіптік оқыту
институты Прокурорлық қадағалау
кафедрасының аға оқытушысы,
PhD докторы

айқындалған болып келеді, яғни жекелеген жаза түрлерінің ішкі өзара байланысы олардың мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының өзге (қылмыстық-құқықтық емес) түрлерімен байланысынан әлдеқайда күшті болады.

Үшіншіден, жүйені құрайтын элементтер бір тәртіпке келтірілген, яғни жазалар қатандық дәрежесі бойынша рет-ретімен орналастырылған. Жазалар жүйесінің осы қасиетінің тәжірибелік маңызы өте зор, себебі соттарға жаза тағайындау барысында әділдік, жазаның үйлесімділік қағидаттарын жүзеге асыруға қажетті жағдай жасайды.

Төртіншіден, жүйенің элементтері өзара байланысты және өзара әрекеттес болып келеді. Сондықтан біртұтас жүйеге кіретін жаза түрлерінің біреуін алып тастау немесе жаңа жаза түрін қосу, тіпті дәстүрлі жаза түрінің жазалаушылық мазмұнын өзгерту, өзге жаза түрлерін қолдану тәжірибесіне де әсер етеді.

Бесіншіден, жазалар жүйесі функционалды болып келеді, яғни олар әрекет етуге, тәжірибе жүзінде қолдануға жаралған. Жазалар жүйесінің жазалар тізімінен айырмашылығына тоқтала отырып, В. Дуонов: егер олардың кімге, қалай және қандай мақсаттарда қолданылатынын реттемесе, қылмыстық заңда жазалар тізімін бекітудің маңызы жойылады, – деп көрсетеді. Жазалар тізімі ҚР ҚК-нің тек қана 40-бабында бекітілсе, жазалар жүйесінің іс жүзінде қолданылуын жаза тағайындау институты және тұтастай Ерекше бөлік баптары санкцияларының жүйесі қамтамасыз етеді.

Алтыншыдан, жазалар жүйесінің өзіндік интегративтік қасиеттері бар және олар жекелеген жаза түрлерінің қасиеттерінің жиынтығынан әлдеқайда бай, қомақты. Соның арқасында жазалар жүйесін өзіндік феномен, дербес қылмыстық-құқықтық институт ретінде қарастыруға болады. Жазалар жүйесі мемлекетке қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл шаралары кешенінің тиімділігі жөнінде пікір қалыптастырып, қылмыстық-құқықтық ықпал ету құралдарын дер кезінде қайта қарап, оңтайландырып отыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандар бізге қылмыстық заңнамада көзделген жазаларды бір жүйе деп қабылдауға, ал қылмыстық теріс қылықтар үшін көзделген жазаларды оның құрылымындағы дербес жүйеше (қосалқы жүйе) деп қарастыруға негіз береді.

Бұл жүйешенің жүйенің өзге элементтерімен (қылмыстар үшін көзделген жазалар жүйесімен) біртұтастығын айқындайтын бірден-бір фактор – олардың ортақ мақсаттарға бағытталғандығы: әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу.

2014 жылғы қылмыстық заңды қолданудың тәжірибесі қылмыстық теріс қылықтарға арналған жазалар жүйешесінің артықшылықтары мен кемшін тұстары туралы ой қорытуға, соның негізінде заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бағыттарын айқындауға жол ашты. Өкінішке қарай, қылмыстық теріс қылық санатының енгізілуі кемелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлерін реттеу практикасынан еш көрініс таппады.

Қолданыстағы қылмыстық заң айыппұл, түзеу жұмыстары және қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалардың мөлшері мен мерзімін олардың кемелетке толмағандарға қылмыстық құқық бұзушылықтың қай түрі үшін тағайындалғанына тәуелді етпеген. Атап айтқанда, ҚК-нің 81-бабына сәйкес айыппұл мен түзеу жұмыстары кемелетке толмағандарға 5 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерінде; қоғамдық жұмыстарға тарту 10 сағаттан 75 сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады.

Бұл ұстаным, біздің ойымызша, қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттерді қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай түрлерге жіктеу идеясына кереғар келеді, қылмыстық теріс қылық немесе қылмыс жасаған кемелетке толмағандарға бірдей жаза тағайындалуына жол беріп, әділдік принципінің бұзылуына себепші болады.

Сондықтан, ҚК-нің 81-бабы 3, 4 және 5-бөліктеріне сәйкес жаза түрлерінің мөлшеріне немесе мерзіміне арналған бөлігін жаңа редакцияда жазуды ұсынамыз:

3. Айыппұл қылмыстық теріс қылық үшін айлық есептік көрсеткіштің 5-тен 30-ға дейінгі мөлшерінде, ал қылмыс үшін айлық есептік көрсеткіштің 30-дан 100-ге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

4. Түзеу жұмыстары – қылмыстық теріс қылық үшін айлық есептік көрсеткіштің 5-тен 30-ға дейінгі мөлшерінде, ал қылмыс үшін айлық есептік көрсеткіштің 30-дан 100-ге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

5. Қоғамдық жұмыстарға тарту қылмыстық теріс қылық үшін 10 сағаттан 25 сағатқа дейінгі, ал қылмыс үшін 25 сағаттан 75 сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады.

тысты қызметкерлердің қызығушылықтарын танытады, екінші жағынан қызметкерлер үшін мекеме өкілі болып табылады. Гүлжайна Жасқайратқызы әрдайым ізденіс үстінде жүрген маман қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады.

Атқарған жұмыстары еленіп, еңбегі бағаланып,бірқатар Алғыс хаттар мен Мақтау қағаздарын да алды.

Мемлекеттік қызметкерлердің ең бірінші қасиеті – жауапкершілік жүгін терең сезіну. Мемлекеттік қызметкер болу – зор құрмет, сондықтан да кәсібилікпен бірге жоғары адамгершілік қасиеттерге ие болған абзал. Мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптар Гүлжайна Жасқайратқызының бойынан табылады, өз жұмысына жауапкершілікпен, адал қарайды және ол әріптестеріне үлгі болып жүрген қызметкерлердің бірі.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



Айгүл БОЛЫСБАЙ,
Шалқар аудандық
сотының бас маманы

24 маусым – Қазақстан Республикасында ресми түрде аталып өтілетін «Судья мен сот қызметкері күні» болып белгіленді. Бұл мереке 2022 жылғы 31 наурызда Қазақстан Үкіметінің қаулысымен бекітілген болатын. Мерекенің дәл осы күнге таңдалуы кездейсоқтық емес. 1992 жылы 24 маусымда Қазақстанның сот жүйесіне қатысты заңға маңызды өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот жүйесінің құрылымын жаңғыртуға бағытталған болатын. Судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесінің болуы мамандарды құқықтық мемлекет құруға, заңдылықты қамтамасыз етуде және азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауға ынталандыратын маңызды тетік.

Шалқар аудандық сотында қазіргі таңда екі судья, бір сот басшысы, екі бас маман, үш бас маман-сот отырысының хатшысы, екі жетекші маман, бір аға сот приставы

қызмет атқаруда. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Шалқар аудандық сотының судьясы лауазымына Махамбетова Сұлушаш пен Махамбетали Бекқожа тағайындалды. Шалқар аудандық сотының төрағасы Сақыпжамал Дәріқұлова 30 жыл судья қызметін адал атқарып, абыроймен құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты.

Сондай-ақ аудандық сотта еңбек өтілі 30 жылдан асқан мамандар көп. Айталық сот әкімшісінің басшысы Нұржамал Ернязова, бас мамандар Айгүл Болысбай, Гүлбану Есжанова; бас маман-сот отырысының хатшылары Алмагүл Бекмурзина, Ақмарал Нұрұдин, жетекші маман Раушан Айтмағанбетова бар күш-қайратын сот саласына арнап келеді. Еңбек өтілі 5-6 жылдан асқан жас қызметкерлеріміз де бар. Жетекші маман Айғаным Сәрсенбай, сот приставы Индира Шалқарбай, Әйгерім Ұбайдулла аға буынның тәлімін көріп, тәжірибесін шыңдауда. Олар өзінің іскерлік қабілетімен, тиянақтылығымен ұжымда абыройлы, сыйлы. Соның арқасында еңбектері еленіп мерекелік медальдармен, Ақтөбе облысы Сот әкімшісінің бірнеше құрмет грамотасымен, аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталған. Сот қызметкерлері халық арасында сот беделін арттыру мен сот жұмысын насихаттауда әділ және адал қызмет атқарып келеді.

Қызығы мен қиындығы көп сот саласында абыройлы еңбек етіп жүрген барша әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтаймын.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІ КӨРСЕТІЛЕДІ

«Шымкент қаласының заң консультанттары палатасы» 2018 жылдан бері заң консультанттары жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғап, заң көмегін кәсіптік деңгейде көрсетіп келеді.

«Шымкент қаласының заң консультанттары палатасының» ұсынысымен Шымкент қаласы әкіміне және Шымкент қаласының прокуратурасына әкім және оның орынбасарларына, департамент пен басқарма басшылары, қала прокуроры мен орынбасарлары азаматтарды жеке мәселесі бойынша қабылдау кезінде палата заңгерлері кесте бойынша қабылдауға қатысып, оларды толғандырып жүрген мәселелері бойынша тегін заң көмегін беріп, арыздарын жазып беруден бастап, қажет болса сотқа дейін көмектесіп келеді.

Палата осындай тегін заң көмегін көрсету жөнінде Шымкент қаласының Полиция департаментіне, тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне, Халықты әлеуметтік қорғауды бақылау департаментіне, Әділет департаментіне, қалалық сотқа ұсыныс келтірген.Қазіргі таңда осы мемлекеттік органдарға заң консультанттары барып тегін заң көмегін көрсетуде.

Жыл басынан бері палата мүшелері 300 адамға тегін заң көмегін көрсетті. Тегін заң көмегін көрсетуде заң консультанты Сапаралы Алтынбек жетекшілік жасап, онымен бірге атсалысып жүрген Джумабаева Бағила, Оспанова Арайлым, Бәйтік Зарина, Медеуов Аскар, Усенова Аида, Жакипбекова Жансая, Арызқұлова Гүлбахор, Сапаралы Мөлдір,Алжанова Лаззат,Мырзақұлов Альтаир,Сабитұлы Ермахан, Ралдугин Артур, Озғанбаева Мәдина, Нұрмашева Динара, Сабралыева Гулжахан, Аристанов Қайрат, Ибрагимова Айжан, Нұрмахан Жансерік, Маханбет Жандос есімдерін мақтанышпен айта аламыз.

Палата мүшелері А. Зияметов, Қ.Алимовтер Қазығұрт ауданы Тұрбат елді мекенінде әлеуметтік көмек аламыз деп алданған бірнеше азаматшаға, алаяқтан келген залалды сот арқылы өндіруге тегін көмектесіп, олардың ризашылығына ие болды.

Палата мүшелерінің тегін заң көмегін көрсеткен сәттерін өткізген жері мен мекемелерін, уақытын көрсетіп, бейнетаспаларын палатаның сайтымен «Республикалық заң консультанттары алқасының» чатына салып отыру дәстүрге айналған.

Палатаның тегін заң көмегін көрсеткен мүшелерінің еңбегі бағаланып, оларды Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен марапаттап, көтермелеп отырамыз.

Осы жылы осындай марапаттарға Сапаралы Алтынбек, Джумабаева Бағила, Сабитұлы Ермахан, Нурмашева Динара, Маханбет Жандос, т.б ие болды.

Тегін заң көмегін көрсету әлі де тұрақты түрде жалғасын табады.

О.ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Шымкент қаласының
Заң консультанттары
палатасының төрағасы

ТӘЛІМ



Г.АМАНТАЕВА,
Орал қаласы №2 соты
әкімшісінің басшысы

Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының маңыздылығын жан-жүре-

ТАҒЫМ

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның еңбектері Қазақстанда ғана емес, шетелдік ғылыми қауымдастықтарда да жоғары бағаланды. Ол халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларға қатысып, Еуропа, АҚШ, Азия елдерінде адам құқықтары мен құқықтық мемлекет құру мәселелері жөнінде дәрістер оқыды.

Сартаев өз өмірінің көп бөлігін

қоғамдық қызметке де белсене араласты. Ол Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің депутаты, түрлі заңнамалық комиссиялардың мүшесі ретінде ел тағдырын шешетін сәттерде белсенділік танытты. Ол азаматтардың құқықтарын қорғау, сот жүйесін реформалау, құқықтық мәдениетті арттыру мәселелерінде батыл көзқарастар ұстанды.

Сартаевтың құқықтық реформаларға қатысты бастамалары мен

гіздерін қалыптастыру және мемлекеттік институттарды нығайту ісінде айрықша еңбек сіңірген көрнекті ғалымның заң ғылымының дамуына, құқықтық мәдениеттің қалыптасуына және елдің өркендеуіне қосқан зор үлесін құрметпен еске алу, сондай-ақ оның ғылыми және қоғамдық мұрасын жан-жақты зерделеу өзекті. С.Сартаевтың еңбектері Қазақстанның құқықтық егемендігі мен

«Мілдер туралы» заң – Сартаевтың ұлттық тіл мәселесіне деген жанашыр көзқарасының айқын дәлелі. Ол қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін заң жүзінде бекітіп, оны қоғамдық өмірдің барлық саласында қолдану қажеттігін алға тартты. Бұл заң тіл саясатының негізін қалап, ұлттық рухты көтеруге бағытталған маңызды құжатқа айналды.

болашақ заңгерлерді даярлауға арнады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінде ұстаздық қызмет атқара жүріп, көптеген талантты шәкірт тәрбиеледі. Бүгінде ол шәкірттер Қазақстанның құқық қорғау және сот жүйесінде, жоғары заң оқу орындарында, мемлекеттік органдарда табысты еңбек етіп жүр. Сартаевтың құқықтық мектебі – отандық заңгерлердің бірнеше буыны үшін кәсіби бағдар болған рухани және ғылыми іргетас.

Сұлтан Сартаев тек ғылым мен заңнамамен ғана шектеліп қоймай,



ұсыныстары Қазақстанның заң шығару процесіне, демократиялық институттарды нығайтуға және халықаралық құқықтық стандарттарға бейімделуге бағытталды. Оның құқықтық мемлекет құру жолындағы идеялары қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Академик Сұлтан Сартаев – тәуелсіз Қазақстанның құқықтық не-

тұрақтылығы жолындағы тарихи кезеңдерді еске салып, осы мұраны сақтау және келешек ұрпаққа жеткізу міндетін алға тартады.

С.САРТАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Жоғары оқу орнына дейінгі
білім беру факультетінің
деканы

ПАЙЫМ

АҚПАРАТТЫҚ АШЫҚТЫҚ: ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ АРТУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ ФАКТОР

Сот төрелігі – қағаз жүзіндегі ғана құқық емес, ол – азаматтың күнделікті өмірінде өз құқығын қорғауға, әділдікке қол жеткізуге бағытталған нақты іс-әрекет. Сот төрелігіне қолжетімділік – әрбір адамның Конституциямен бекітілген басты құқығының бірі. Ел Конституциясының 13-бабы бойынша азаматтардың өз құқығы мен бостандығын қорғау үшін сотқа жүгінуге құқығы бар. Бұл қағидат – заң үстемдігінің, азаматтық қоғам мен мемлекеттік билік органдарына деген сенімнің негізі, қоғамдық тұрақтылықтың кепілі.

Алайда бұл құқықтың қағаз жүзінде жазылуы жеткіліксіз – оны нақты түрде қамтамасыз ету қажет. Ол үшін азаматтар сотқа жүгінуге тек ресми рұқсатқа ие болып қана қоймай, шын мәнінде қол жеткізе алатындай жағдай жасалуы керек. Бұл дегеніміз – сот ғимаратына баруға мүмкіндік, заңгерлік кеңес алу құқығы, сот отырыстарына қатысу мүмкіндігі, істің барысы туралы ақпаратты қолжетімді түрде алу және шешімдердің әділеттілігіне сенім.

Соңғы жылдары еліміздің сот жүйесінде бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл реформалар ең алдымен халықтың сот төрелігіне деген сенімін арттыруға және оны қолжетімді етуге бағытталған. Солардың ішінде сот процестерін цифрландыру айрықша орын алады. Мәселен, «Сот кабинеті» сервисі арқылы азаматтар мен заңды тұлғалар сотқа жүгінудің негізгі рәсімдерін онлайн режимде орындай алады. Бұл талап арызды беру, процессуалдық құжаттармен танысу, хат-хабар алмасу сияқты көптеген қызметті жылдам әрі қолайлы түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ сот отырыстарына бейнебайланыс арқылы қашықтан қатысу тәжірибесі де бүгінде қалыпты жұмыс тәртібіне айналды. Әсіресе COVID-19 пандемиясы кезеңінде бұл тәсілдің маңыздылығы мен тиімділігі нақты дәлелденді. Бүгінгі күні де шалғай ауылда тұратын азаматтар үшін бұл әдіс – уақытты үнемдеудің әрі құқық қорғауға кедергісіз қол жеткізудің бір жолы.

Сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз етуде азаматтардың құқықтық көмекті алу мүмкіндігі үлкен рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанда енгізілген мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесі – әлеуметтік әділеттілікке жетудің маңызды тетігі. Бұл жүйе арқылы көпбалалы және аз қамтылған отбасылар,

мүгедектігі бар азаматтар, зейнеткерлер, жұмыссыздар мен кәмелетке толмағандар сияқты әлеуметтік осал топ өкілдері тегін құқықтық көмек алады. Алғашқы құқықтық кеңес беруден бастап, сот процестерінде өкілдік етуге дейінгі қызметтер қарастырылған. Бұл бастама – сот төрелігін барша азамат үшін бірдей қолжетімді етуге бағытталған нақты қадам.

Халық пен сот билігі арасындағы сенімді қарым-қатынас – құқықтық мемлекеттің қалыптасуының негізі. Азаматтар соттың әділ әрі бейтарап шешім шығаратынына сенген кезде ғана олар заң аясында өз құқығын қорғауға ұмтылады. Керісінше жағдайда бейресми, заңсыз жолдарды іздеуге мәжбүр болуы мүмкін. Бұл – мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне тікелей қатер. Осы орайда сот процестерінің ашық, жария түрде жүргізілуі, шешімдердің жариялануы, судьялардың кәсіби жауапкершілігі мен моральдық бейнесі – басты назарда болуға тиіс. Ақпараттық ашықтық – қоғамдағы құқықтық мәдениеттің артуына ықпал ететін маңызды фактор.

Сот төрелігінің қолжетімділігі халықтың құқықтық сауаттылығымен тікелей байланысты. Егер адам өз құқығы мен міндетін білмесе, ол құқық бұзушылықтарға қарсы тұра алмайды, сотқа жүгіну қажеттігін сезінбейді де мүмкін. Осыған орай, құқықтық білім беру мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарына дейін жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, азаматтық қоғам институттары құқықтық ақпарат таратуда белсенді рөл атқаруы тиіс. Бұл бағытта үкіметтік емес ұйымдардың, ерікті заңгерлердің жұмысы ерекше маңызға ие.

Сот төрелігінің халыққа қолжетімді болуы – тек құқықтық категория емес, ол – әлеуметтік әділеттілік, қоғамдық тұрақтылық және азаматтық жауапкершілік қағидатымен тамырлас. Бұл бағытта мемлекетіміз айтарлықтай жұмыс атқаруда. Соның ішінде сот жүйесін цифрландыру, әлеуметтік топтарға тегін құқықтық көмек беру, соттардың ашықтығын арттыру – мұның бәрі әділдікке қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдар. Алдағы уақытта бұл бастамалар өз жалғасын табуы қажет. Себебі құқықтық мемлекет тек заңнамалық актілермен емес, оны жүзеге асыратын сот төрелігінің сапасымен, ашықтығымен және қолжетімділігімен өлшенеді.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметші – ел мен қоғам алдындағы ерекше жауапкершілік жүгін арқалаған тұлға. Оның сөзі мен іс-әрекеті – мемлекеттік биліктің айнасы. Осы ретте мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебін айқындайтын және олардың мінез-құлық стандарттарын белгілейтін басты құжат – Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі.

ӘДЕП КОДЕКСІ – КӘСІБИ АР-ОЖДАН ЕРЕЖЕСІ

Әдеп кодексінің негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, олардың қоғаммен байланыста жоғары мәдениеттілік пен жауапкершілік танытуын қамтамасыз ету. Бұл құжат әрбір қызметшінің адал, ашық және әділ болуына, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайы, сабырлы және парасатты әрекет етуіне бағыт береді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттері мен Әдеп жөніндегі уәкілдердің бірлескен жұмысы осы кодекстің нормаларын кеңінен түсіндіруге, туындайтын мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді. Әдеп жөніндегі уәкілдердің басты міндеті – тек тәртіп бұзушылықтарды анықтау емес, сонымен қатар олардың алдын алу, түсіндіру және мемлекеттік қызметшілерге дұрыс бағыт-бағдар беру.

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мен аудандық соттар әкімшілерінде әдеп нормаларын сақтау бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Қызметкерлер арасында тұрақты түрде семинарлар, дөңгелек үстелдер, кеңестер өткізіледі. Осындай іс-шараларда мемлекеттік қызметшілердің қызмет барысында туындайтын әдептік дилеммаларды шешу жолдары қарастырылады. Мемлекеттік қызметші өзінің әр



Ә. ТҮЛКИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Сот әкімшілігінің Жетісу облысы
бойынша департаменті
басшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл

іс-әрекеті арқылы мемлекетке деген сенімді қалыптастыратынын ұмытпауы керек. Халыққа адал қызмет ету, заңды басшылыққа алу, жемқорлықтан алшақ болу, жұмыс барысында қарапайымдылық пен әділдікті ұстану – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты ұстанымы болуы тиіс.

Әдеп кодексі – бұл тек қызметтік нұсқаулық қана емес, бұл – кәсіби ар-ождан ережесі. Оны сақтау – ел болашағына бейжай қарамайтын, жауапкершілікті сезінетін әрбір мемлекеттік қызметшінің абыройлы міндеті.

БАСТАМА

Сот – құқықтық мемлекеттегі мәртебесі биік құрылым. Елдегі қауіпсіздікке, әділдік пен тура төрелікке жауапты болғандықтан, сот саласына артылар міндет жоғары. Соған орай, бұл сала жаңа реформалардан, соны бастамалардан кенде болған емес. Мұндай жаңашылдықтардың қолға алынуына көп жағдайда азаматтардың талап-тілегі, қоғамның қажеттілігі, елдегі заманауи өзгерістер түрткі болып жатады.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСЕДІ



2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілгені отырған үш дербес кассациялық сот та сол халықтың ұсыныс-пікірін, қалауын ескере отырып қолға алынған жаңашылдықтың бірі.

Кассациялық соттардың ерекшелігі неде? Ол қандай функцияларды атқарады? Дербес соттардың қолданысқа енгізілуі халыққа не береді? Бүгінде осы секілді сұрақтар қарапайым халық арасында жиі қойылады. Ал заңнамадағы өзгерістерді таныстырып, кассациялық соттардың артықшылығын көпшілікке жеткізу біздің етене міндетіміз. Азаматтардың құқықтық сауатын көтеру, кассациялық соттардың жұмысына байланысты сұрақтарына тыңғылықты жауап беру – бұл институттың кедергісіз қызмет етуінің кепілі. Сондықтан, судьялар дербес кассациялық соттарды құрудың мақсаты мен міндетін, күтілетін нәтижелер туралы жан-жақты ақпарат беру мақсатында түрлі жиындар, қоғамдық қабылдаулар өткізіп, мақалалар жариялауда.

Кассациялық соттар жұмысынан күтеріміз көп. Жаңа институт халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға, сот шешімдерінің сапасын арттыруға, сала жұмысын халықаралық стандарттар мен тәжірибелерге бейімдеуге, сот қателіктерін азайтуға, бірыңғай

тәжірибе қалыптастыруға ықпал етері даусыз.

Мұндағы ең басты өзгеріс – кассациялық соттар енді «жаппай кассация» моделін басшылыққа ала отырып қызмет етпек. Сәйкесінше қазір кассациялық сатыда өтініштердің тек 5 пайызы ғана алқа қарауына ұсынылатын болса, жаңа модель енгізілгеннен кейін бұл көрсеткіш 100 пайызға жетпек. Соның нәтижесінде 1 шілдеден бастап әрбір жеке және заңды тұлға апелляциялық соттың шешіміне қатысты уәждерін жоғары сатыда толыққанды тыңдауға мүмкіндік алып отыр. Бұл өз кезегінде көпшіліктің отандық сотқа деген сенімін арттырады.

Жаңа кассациялық соттарға шағым-өтініш берудің тәртібі де өзгерген. Соған орай істер кассациялық сот алқаларына тікелей түседі. Яғни, енді істерді бұрынғыдай алдын ала іріктеуге жол берілмейді. Сондай-ақ сот отырысына қос тараптың шақырылып, қатысуы да міндетті. Өйткені кассациялық сот тараптарды тыңдап, олардың дәлел-дәйектерін саралайды. Мұның өзі әділдіктің негізі. Бұдан бөлек, азаматтардың уақытын үнемдеп, әуре-сарсаңға салмау мақсатында кассациялық соттардың істі алты айдан аспайтын мерзім ішінде қарауы заңды түрде бекілді.

Міне, осындай басымдықтарды басшылыққа ала отырып қызметіне кіріскелі отырған үш дербес кассациялық сот ел үмітін ақтайды деген ойдамыз.

Айжан МОЛБАЕВА,
Маңғыстау облыстық
сотының судьясы

ПАРЫЗ БЕН ҚАРЫЗ

Ана тілінде сөйлеу – баршаға ортақ парыз. Басқа басқа, дәл сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білуі міндет. Қазақшаны мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолдану мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Бұл бағытта заңдар мен жарлық, өкім, бағдарламаларды жұмыс бабында қолдану шарт.

ШАҒЫМ ҚАБЫЛДАУДА АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАУ КЕРЕК

Сот саласы өз ішінде мемлекеттік тілді меңгеріп, іс-қағаздарды, құжат айналымын жүргізуді тереңірек үйренуі қажеттілік. Себебі жұртпен жұмыс істеп, мемлекеттік тілде құжат толтырып, азаматтармен қазақ тілінде еркін сөйлесу қызметтік міндет, азаматтық борыш. Айталық, қазақ тілін ғана білетін азамат шағымданды делік. Оның арыздарын аудармашыға жіберіп қойып, күн санатып күтіп отырғанды уақыт көтермейді. Жедел іске кірісу керек. Ал мемлекеттік тілдегі арыз-шағымдарды тыңдаудан бас тарту – адам құқының өрескел бұзылғандығы.

Осыған байланысты сотпен тығыз байланыста болатын мекемелерден орыс тілінде келетін сұраныстар және тағы басқа хаттарға біз мемлекеттік тілде жауап беруге міндеттіміз.

Біз құжат айналымын тек қана қазақ тілінде жүргізуге міндетті болғандықтан барлық мемлекеттік мекемелерден, ұйымдардан, бөлім-

шелерден сұраныс хаттар, жолдама хаттар біздің хаттарымызға жауаптар орыс тілімен қатар мемлекеттік тілде түссе дейміз. Соған байланысты барлық іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізіп, соған қоса басқа ұйым, мекемелерден орыс тілінде келген хаттарға орыс тілімен қатар қазақ тілінде жауап беруіміз қажет.

Болашақта әр судья мен сот мамандары мемлекеттік тілді оқып-үйренуге, өз білімдерін жетілдіруге, сот құжаттарын сауатты дайындауға талпыныс жасаулары тиіс, бұл мәселені назардан тыс қалдырмай, мемлекеттік тілді дамытуға, оның қолданыс аясын кеңейтуге, сонымен қатар сот құжаттарын мемлекеттік тілде сауатты да дұрыс дайындауға арналған тиісті іс-шараларды жүзеге асыруы тиіс.

Күнделікті істерді қарау кезінде істерді құжаттарды сотқа дайындап жолдау кезінде барлық мекемелердің басшылары, мамандары, прокурорлар, адвокаттар, судьялар мен сот мамандары, сот орындау-

шылары «Тілдер туралы» заңның, ҚР қылмыстық, азаматтық істер жүргізу кодекстерінің талаптарын толық сақтай отырып, сот құжаттарын сауатты дайындаулары қажет.

Қазіргі қоғам басқа тілдерді үйренуге шек қоймайды. Жаһандану үрдісі барлық ұлттар мен мемлекеттерді сынаққа алуда. Әсіресе, үлкен



А.САГАНДЫКОВА,
Алтай ауданы №2 сот
әкімшісінің басшысы

сынаққа ұшырап жатқаны – тіл мен салт. Ол да эволюция, қазіргі өркениеттің даму сатысы. Осы жолда қазақ тілін ел ретінде қолдау, дамыту азаматтық парызымыз және міндетіміз!

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АБАЙ – 180

АСЫЛ ОЙДЫҢ КЕНІ



Нүргүл СМАҒҰЛОВА,
Риддер қалалық сотының
бас маманы - сот отырысының
хатшысы

Абай өз шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау етті. Терең философиялық ой мен азаматтық рухқа толы оның өлең-

дерінде еріншектік пен надандыққа қарсы күреске шақырып, жастарды тура жолға үндеді. Жаңа заман ақыны ретінде Абай қазақ әдебиетінде поэма жанрының орнығуына ықпал етті. Оның поэмаларының мазмұны («Масғұд», «Ескендір») шығыс классикалық әдебиетінің мәнерімен, өзгеше ойлауымен құрылған көркемдік прозаның дамуында Абайдың қосқан үлесі оның «Қара сөздерімен» бағаланады. Бұл кітапта Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасы айқын көрсетіліп, көптеген тарихи, педагогикалық және құқықтық мәселелер көтеріледі. Олардың айрықша ерекшелігі тілдің көркемдігі, мазмұн байлығы, философиялық тереңдігі. Ақынның азаматтық борыш, тұрмыс мәні туралы қасиетті ойлары жас ұрпаққа бағытталған.

Абайдың музыкалық мұрасы қазақтың ұлттық өнері тарихында ерекше орын алады. Абайдың әуендік таланты халықтық негізде дамып, ақынның рухани жан-дүниесі,

әлемге көзқарасы оның лирикалық әндерінде айрықша көрсетілген. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Не іздейсің көңілім», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның хаты», т.б. әндері арқылы халықтық ән шығармашылығына жаңа ырғақ, ана тілді көркемдік-мәнді қолданудың жаңа қағидалары ендірілді. Абай халықтық музыка қорын ырғақтық ән өнерімен байыта отырып, жаңаша із салды. Абай өзінің қара сөздерінде де адамгершілік мәселесінде адамды ақылды талапты, қайратты болуға шақырады.

Қазіргі уақытта Абайды оқитын жастар буыны сиреп бара жатыр. Себебі, бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде ақпарат қоры мол. Жастарды қызықтыратын басқа да дүние көп. Сондықтан аға буын Абайды оқытуды күштеп емес, заман талабына сай үйрету қажет деп ойлаймын. Қорыта келгенде талантты ақын Абай атамыздың шығармашылық мұрасын дәріптеп жүрейік!

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ДӘРІПТЕЛДІ

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай, ақынның шығармашылығына деген қызығушылықты арттыру және қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мақсатында викториналық сайыс өткізілді.

Сайыс Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының тілдерді оқыту орталығының оқытушысымен судьялар мен мамандардың арасында ақынның шығармаларын насихаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқу, қара сөздерінің мән-мағынасын ашу бойынша көрнекі құрал-

дарды пайдалана отырып өткізілді. Сонымен қатар, қатысушылар түрлі бағыттағы логикалық, танымдық сұрақтарға жауап беріп, білімдерін сынады және ақынның дүниетанымын кеңінен таныды.

Сайыс қызу, тартысты өтті. Сайыс нәтижесінде: I орынды – «Кемеңгер» командасы; II орынды – «Ұлы Абай» командасы иеленді.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының баспасөз қызметі

9-10 сынып оқушылары арасынан 8 оқушыдан құрылған команда қатысып, бірнеше топтың ішінен іріктеліп, 3 кезеңмен өткізілген бәсекеде «Бас жүлде» иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезең Шымкент қаласында өтті.

Облыстық кезеңге Түркістан облысы бойынша әр ауданнан құралған 15 команда білім додасында бақ сынасты. Байқау екі кезеңнен тұрды. Атап өтер болсақ іріктеу және финал. А.С.Пушкин атындағы №6 ЖББМ оқушыларының «Пушкин» командасы терең білім, тапқырлықтарымен көзге түсіп, үздік нәтиже көрсеткені үшін бас жүлде мен Дубайға жолдама иегері атанды!

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛЫҚ БАСТАУЫ

Азаматтық қоғамның озық үлгісі медиациялық жол. Медиация – ымыра, бітім, татулық пен тыныштық кепілі. Қоғамның құқықтық мәдениеті дамыған сайын бұл институтта бірге дамып, жетіліп, түрленіп, ауқымы кеңіп келеді. Ол біздің елдегі тыныштық пен татулықтың бастауы.

Бітім азаматтық жетілу мен құқықтық мәдениеттің қалыптасу индикаторы, ол қарапайым халықтың даму деңгейін жоғарылатады, кешірім мен мәмілеге келудің тиімділігін айқындайды. Қазақстанның бүкіл аумағы қазіргі таңда медиацияның қажеттілігін, оның ауқымының кеңейгенін қалайды. Өйткені ол даудың ұлғаймай, шиеленіспей өзара түсіністікте, дипломатиямен шешілуіне кепіл. Сондықтан қазақстандық құқықтық жүйе медиация институтын дамытудың маңызын түсінді.

Медиацияның әлеуетін ұтымды пайдалану қоғамда орын алатын дау-дамайларды оңтайлы реттеу арқылы, ішкі бірлікті бекемдеп, ел іргесінің аман болуына үлес қосады.

Медиация терминінің мазмұны қазақ халқы үшін ежелден таныс ұғым, кейіннен қосылған жаңа термин, жаңа үрдіс емес. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген ұстаныммен талай билер ел мен елдің, ауыл мен ауылдың арасындағы шиеленіс, ұрыс керіс, дау дамайды шешкен. Халық та аузы дуалы, елге қадірлі, кесімі тұра билердің сөзіне ұйып, айыбы ауыр болса да кінәлі тарапты кешіріп, аталы сөзге тоқтаған. Сол себепті қара қылды қақ жарып, әділдігін айтатын билердің сөзі ел бірлігін сақтап, дауласушы тараптарды бітімге келтірген, олар «араағайындық», «бітімгер», «мәмілегер», «татуластырушы» және т.б. атаулармен аталған. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы берік ұстанған билердің мәртебесі әрқашан ел шінде биік тұрған, олардың кесімді сөзі елдің бірлігін, жердің тұтастығын сақтауға ықпал еткен. Осы жолды ұстанған, бүгінгі сот саласы да азаматтық іс жүргізу кодексінде медиаторлардың, адвокаттардың қатысуымен татуластыру рәсімдерін

қолдануды кеңейту – дауды бейбіт жолмен шешуді әділ төреліктің бір жолы есебінде қарастырады. «Медиация туралы» заңда медиаторлардың ғана емес, судьялар мен адвокаттардың да татуластыруды жүзеге асыру міндеті көрсетіледі. Тараптарды татуластыру үшін шаралар қолдану және дауды сот процесінің барлық сатыларында реттеуге жәрдемдесу азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерінің бірі саналады.

Сонымен қатар қазіргі таңда республика аумағында жас буынға дау-жанжалдарды татуласу арқылы шешуге болатындығын түсіндіру, ел ішінде медиацияның танымалдылығын арттыру және сұранысқа ие шешім есебінде насихаттау алдыңғы кезектегі мәселелердің бірі.

Егер елде медиацияны дамыту мен насихаттау кең көлемде жүрсе ел бірлігі мен ынтымақтастығы нығаяды. Татулық пен кешірім орнаған елде тұрақтылық пен тұтастық, салтанат құрады. Бұл жаңашылдыққа ұмтылатын, бәсекеге қабілетті ел ретінде көретін өркениетті білімді азаматтардың ұстанымы. Біз өркениетті қоғамның берік іргесі – заң десек, тұғыры қашанда – құқық. Ендеше, медиацияда ең алдымен дауласушы тараптарды құқықтық жолмен өзара келісімге келтіру, заңның үстемдігі арқылы бірлікті сақтау мәселесін бірінші кезекке қояды. Дау-дамай адамзатпен бірге өмір сүреді, ол заңдылық. Бірақ біз қай қоғамда, қай заманда өмір сүрсек те, бізге ең алдымен ауызбірліктегі қоғам мен ынтымақты ел қымбат. Ынтымаққа ұмтылған елде заңы салтанат құрады, кешірімшіл кең, өркениетті, салауатты мемлекет дамиды.

А.ТҰРАҚБАЕВА,
Ақтау қаласы №2 соты
әкімшісінің басшысы



МЕРЕЙ

АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ

Адамзат баласының өмір сүруі белгілі бір заңдылықтарға бағынатыны сияқты, ғаламшарды мекен еткен әр мемлекеттің де негізгі заңы болуы шарт. Ол заңның барлық тілдердегі мойындалған атауы – Конституция. Бұл орайда еліміз 1995 жылы өзінің талғам-талқысынан өткен басты құжаты Конституциясын жүрек қалауымен қабылдады. Жасампаздықтың жаңылмас жарғысы болған Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Қастерлі құндылығымыздың қағидаттарын бұлжытпай орындаудың нәтижесінде біз қысқа мерзімде мызғымас мемлекетімізді орнатып, Тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік. Ата Заң тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды. Конституция мемлекеттік биліктің қайнар көзі халықтың өзі екенін айқындады. Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Осы мерейлі межеге биыл 30 жыл толып отыр.

Ата Заңымыздың қабылдануы, мемлекеттік рәміздеріміз – Елтаңбамыз, Туымыз, Әнұранымыз бен ұлттық валютамыз – теңгенің енгізілуі Қазақстан мемлекетінің қалыптасуының аса маңызды кезеңдері болды. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі, өнегеге айналды. Конституция – біздің асқақ абыройымыз. Біздің негізгі заңымыз – біз бірлесіп жаңа қоғам, жаңа мемлекет, жаңа экономика тұрғызып жатқан сенімді іргетасымыз. Қысқа мерзімде біздің еліміз болашаққа серпінді секіріс жасады. Біздің көз алдымызда еліміздің жаңа тарихы қалыптасуда. Биыл Қазақстан халқы үшін аса маңызды мерейлі мерекелер жылы. Бұл – тарихымызды түгендеудің бастамасы. Ішкі саясаттағы маңыздысы – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы. Ал Қазақстан Республикасының Конституциясы бүгінгіміз бен келешегіміздің кемелділігін көрінісі. Рас, бұл мереке жыл сайын мемлекеттік деңгейде аталып өтілетіні белгілі. Десекте биылғы мейрам ерекшелеу болғалы тұр. Өйткені, Ата Заңымыздың 30 жылдығы мемлекет пен халық тарапынан айрықша тойланады. Себебі, құқықтық саясатымызда Тәуелсіздігіміз бен Конституциямыз тайға таңба басқандай ажырамас егіз ұғымға айналған.

Н.ТОГИЗБАЕВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық соты
әкімшісінің бас маманы

БАЙҚАУ

«ZERDELI QUIZ» ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАДЫ

Білім беру саласындағы әлемдік озық тәжірибелер мен методикалық әдістер меңгеріліп, ғылым мен білім жетістіктері, электроникалық, цифрлық технологиялар енгізіліп шәкірттердің халықаралық деңгейдегі білім стандарттарын меңгеруіне мүмкіндік жасалынуда.

Соның арқасында қазақстандық мектеп оқушылары жыл сайын көптеген облыстық, республикалық, аймақтық, дүниежүзілік пән олимпиадаларына қатысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көрініп келеді. Олардың арасында Түркістан, Кентау қалаларының мектеп оқушылары да бар.

Кентау қалалық білім бөлімі, Түркістан облыстық білім басқармасы «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының» әл-Фараби атындағы №14 мектеп-гимназиясының базасында өткен «Zerdeli Quiz» зияткерлік сайысының қалалық кезеңіне А.С.Пушкин атындағы №6 ЖББМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өз кезегінде 20 пайыздан астам орынның бос болуы облыс көлеміндегі онсыз да жоғары жүктемеге тікелей әсер етіп отыр. Яғни, толыққанды штатпен бір судья 50 іс қарайтын болса, қазіргі таңда қазылар 100-ге жуық іс қарап, жүктемесі екі есеге дейін көбейген. Оның үстіне, Маңғыстауға судьялар басқа облыстардан жиі тағайындалып келеді. Тәжірибеден байқап жүргеніміздей басқа өңірлерден келген судьялар 1-2 жылғы қызметтен кейін өз өңіріне қайтуға тырысады. Бұл өз кезегінде тағы да бірнеше айға бос орынды қалыптастырады. Мұндай мәселенің тағы бір себебі өңірдің Астанадан шалғай жатқандығында болса керек. Жалпы кадр тапшылығы тек бізде ғана емес, республика көлемінде де өзекті.

Сондай-ақ соттар алаңсыз жұмыс істеуі үшін ғимараттар да талапқа сай болуы тиіс. Біздің облыста сот ғимараттарының саны 8 нысанды құрайды. Ғимараттардың барлығы дерлік ескі, күрделі жөндеуді керек етеді. Алысқа бармай-ақ, облыстың сот ғимаратының өзі талапқа сай емес. Осы орайда, бүгінде облыстық сотқа жаңа нысанның эскиздік жобасы жасақталып, ғимарат салу мәселесі қарастырылуда. Жалпы, болашақта облыс көлеміндегі барлық соттарды да жаңа ғимараттарға көшіргіміз келеді.

– Судья – заңгерлік қызметтің шыңы. Соған болар, судья болуға қызығатындар ешқашан кеміген емес. Ендеше, не себепті аймақта бос орындар көп?

– Өңірге келгелі бері түйгенім, Маңғыстауда мұнай-газ кешеніне қатысты жұмыс атқаратын мекемелер жеткілікті. Бұл бағытта еңбек ететіндердің айлық табысы да жоғары екені белгілі. Ал мемлекеттік мекемелерге маман болып келетін қызметкерлердің табысы сәйкесінше төмендеу. Мұнай-газ саласында 500 мың теңге мен 1 млн теңгенің аралығында табыс тапса, мемлекеттік қызметкерге төленетін 200 мың теңгеге жұмыс істеуге ниет танытушылар көп емес. Әрине, мамандар келеді, алайда тәжірибе жинаған соң жоғары жалақы төлейтін мекемелерге ауысып кетуге талпынады. Мәселен, сот саласында жүргізуші айына 130 мың теңге жалақы алады. Салыстырмалы түрде, өндірістік мекемелерде 400-500 мың теңге табуға мүмкіндік бар. Сол себептен, бізде жүргізушіден бастап өзге мамандардың жетіспеушілігі туындайды.

Ал өзге өңірлерден келген мамандардың Маңғыстауда тұрақтап қалуы екіталай. Мысалы, мен ұзақ жылдар бойы Алматы облысында қызмет атқардым. Кейін туған жерім Қызылорда облысында еңбек еттім. Әр өңірді бір-бірімен салыстыру мүмкін емес. Жұмыс бағыты бір болғанымен, халықтың менталитеті әртүрлі. Маңғыстау облысын өзге облыстармен салыстырғанда жас өңір деп атауға болады. Қанатын кеңге жайып, қарқынды дамып келе жатқан бірегей аймақтың бірі.

– Салаға мамандар тарту жағы қалай шешімін тауып отыр? Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Әрине, жақсы кадр – жарты жетістік. Сондықтан сот жұмысына деген қызығушылықты арттыру, талапты жастарды ынталандыру бағытындағы жұмыстар бір сәт те тоқтаған емес. Дегенмен, күнделікті өмір көрсеткендей қазіргі жастар заң саласынан гөрі, табысы жоғары техникалық мамандықтарды таңдайды. Бұл – түсінікті жағдай. Соған орай біз мектептер мен жоғары оқу орындарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заң саласының қоғам үшін маңызын жеткізіп келеміз. Судья болу – үлкен жауапкершілікпен қатар, абыройлы міндет. Сол себепті, болашақ заңгерлерді тәрбиелеу – бүгіннен басталуы керек. Яғни, маңғыстаулық жас мамандарға «келешекте тәжірибе жинаған соң судья болу мүмкіндігің бар» деген ұғымды үзбей сіңіріп келеміз.

Өз кезегінде облыстық сот пен өңірдегі заңгерлерді дайындайтын оқу орындары арасында тығыз байланыс орнатылған. БАҚ арқылы да халыққа сот саласының қызметі, судья болу, сот қызметкері ретінде тәжірибе жинаудың маңыздылығы секілді мәселелер тұрақты негізде насихатталуда. Сондай-ақ студенттерге ашық есік күнін ұйымдастырып, сот процесінде өзін судья



ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ЖҮГІН ҰҚТЫРҒАН 100 КҮН

ретінде сезінуіне мүмкіндік береміз. Мұның да жастар үшін әсері үлкен.

– Мемлекет басшысының сот саласын жаңғырту, жүйені жандандыру бойынша берген тапсырмалары Маңғыстау облысында қалай орындалып жатыр?

– Президент сот саласына жоғары міндеттер қоя отырып, халыққа жақын, елдің сенімін нығайтатын, бүгінгі заман талабына толықтай сай келетін құрылым қалыптастыру бойынша нақты тапсырмалар жүктеді. Осы бағытта Маңғыстау облысының соттарында бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр.

Соның ішінде заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында судьялардың кәсіби деңгейін көтеру, халықпен тиімді байланыс орнату – басты назарда. Баспасөз арқылы, әлеуметтік желілерде соттың жұмысы кеңінен таныстырылып, халыққа құқықтық ақпарат қолжетімді болуда. Судьяларымыз мақалалар жазып, түрлі кездесулерге қатысып, ашық пікір алмасып жүр. Бұл – қоғам мен сот арасындағы байланысты нығайтып, сенімді арттыруға жол ашады. Сонымен қатар, сот процесітерін барынша ашық өткізу, цифрлық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы сот төрелігін сапалы жүзеге асыруға тырысып келеміз.

– Ел заңдары ізгілікке, игілікке бағытталған. Мемлекет қателескен азаматтың құқығын қорғап қоймай, түзелуіне мүмкіндік беруді де басты мақсат санайды. Осы ретте күдіктілерге қатысты бұлтартпау шарасын белгілеуде қандай өзгеріс бар?

– Бүгінде қылмыс жасады деген күдікке ілінген азаматтарға қатысты бұлтартпау шараларын таңдау кезінде балама әдістерді қолдануға аса мән берілуде. Мәселен, күдіктіні қамауға алудың орнына, егер оның тұрақты мекенжайы болып, қылмысы аса ауыр болмаса және тергеуден жалтаруы немесе қашып кету қаупі жоқ деп есептелсе, оған электронды білезік тағып, үй жағдайында тергеуге қатысуына мүмкіндік беріледі. Бұл – адам құқығын сақтауға бағытталған маңызды қадам.

Статистикалық көрсеткіштерге келсек, былтырғы 5 айында Маңғыстау облысында электронды білезік тағу бұлтартпау шарасы небәрі 3 адамға қолданылса, биыл бұл көрсеткіш 33 адамға дейін артты. Осының өзі қоғам үшін елеулі әрі оң нәтиже.

– Сот – дау алаңы. Сондықтан, судья шығарған кесімнің екі тарапқа бірдей ұнай бермеуі қалыпты жағдай. Мұның соңы көп ретте жаңа даулардың туындауына түрткі болып жатады. Ал жалпы Маңғыстау облысында сот актілерімен келіспей, Жоғарғы Сотқа шағымданушылар қатары көп пе?

– Дұрыс айтасыз. Соттың төрелігімен келісіп, дауды аяқтайтындар

Жақсы кадр – жарты жетістік. Сондықтан сот жұмысына деген қызығушылықты арттыру, талапты жастарды ынталандыру бағытындағы жұмыстар бір сәт те тоқтаған емес. Дегенмен, күнделікті өмір көрсеткендей қазіргі жастар заң саласынан гөрі, табысы жоғары техникалық мамандықтарды таңдайды. Бұл – түсінікті жағдай. Соған орай біз мектептер мен жоғары оқу орындарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заң саласының қоғам үшін маңызын жеткізіп келеміз.

сирек. Көбінесе тараптар шешіммен келіспей әрі қарай арызданады, болмаса судьяға қатысты шағым түсіріп жатады. Мысалы, былтырғы 5 айда облыстық сот төрағасының қабылдауына 95 адам келді. Оның 70-тен астамын жеке өзі қабылдадым. Қабылдаулар барысында азаматтарға қолданыстағы заңнамаға сәйкес түсіндірме жүргізіліп, тиісті кеңес берілді. Сөз түсінетін, сөзге тоқтайтын азаматтар осы кездесулерден кейін шағымын қайтып алып жатады. Халықтың сенімін нығайтып, сотқа деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беретіндіктен, әр сәрсенбі сайын өңір азаматтарын жеке мәселелері бойынша қабылдауды дәстүрге айналдырдық. Апта сайын 12-15 тұрғын жеке қабылдауға келетінін айта кеткен жөн.

Бірақ, шағымның түсуі жұмыс сапасының көрсеткіші бола алмайды. Көп жағдайда азаматтарымыз өз құқықтарын білмей не дұрыс түсінбей, судья әрекетіне негізсіз шағымданады. Мұндайда арнайы комиссия арқылы олардың өтінішін қарап, заң шеңберінде жауап беріледі. Тексеру барысында арызда көрсетілген мән-жайдың барлығы дерлік анықталмай жатады. Бұл көрсеткішті 99,9 пайыз деп сеніммен айта аламын.

– Жыл басынан бері сот қарауына түскен қанша іс өз шешімін тапты?

– Сотқа жүгінетін әр азаматтың өз шындығы, өз талабы болады. Бірі – өзін жәбірленуші санайды, екіншісі – кінәсіз екенін дәлелдегісі келеді. Сондықтан сотқа түскен әр істің артында адам тағдыры тұрғанын ұмытпауымыз керек. Егер тараптар келісімге келуге дайын болса, біз бұл мүмкіндікті жібермеуге тырысамыз. Медиация тетіктерін пайдалану арқылы көптеген даулы жағдайларды бейбіт жолмен шешуге болады. Мұның тараптарға да, сот жүйесіне де тиімділігі зор. Осы орайда, өңірімізде татуластыру рәсімдері белсенді түрде қолданылатынын айта кеткен жөн. Республика көлемінде татуластыру деңгейі бойынша Маңғыстау облысы 5-орында тұр. Бұл үлкен аймақтарға қарағанда жоғары жетістік.

Жыл басынан бергі 5 ай ішінде 8756 азаматтық іс, 692 қылмыстық іс, 354 әкімшілік іс өз мәресіне жетті. Бұдан бөлек, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 6 115 іске нүкте қойылды. Осыдан-ақ маңғыстау-

лық судьялардың қандай ауқымды жұмыс атқарып отырғанын бағамдауға болады.

– Кассациялық соттардың құрылуын халық үлкен қызығушылықпен бақылауда. Бұл жаңашылдықтың қоғамға берері не?

– Соңғы жылдары еліміздің сот жүйесінде бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – азаматтардың сотқа деген сенімін арттыру, сот төрелігінің сапасын жақсарту және әділдікті қамтамасыз ету. Солардың бірі кассациялық соттарды құрумен байланысты.

1 шілдеден бастап кассациялық соттар құрылып, өз қызметін бастайды. Негізгі міндет бірінші және апелляциялық инстанцияларда қабылданған сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін қарап, заңнаманың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа жүйе аясында Астана қаласында азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша үш кассациялық сот құрылады. Кассациялық төртінші істер алдын ала қараусыз,

істерге ерекше мән беріледі. Төраға болу – төрде отыру деген сөз емес. Төраға істің барысын іштен біліп, судьялармен етене жұмыс істеген жағдайда ғана нәтиже жоғары болады. Сондықтан, «Ұлық болсаң, кішік бол!» демекші, ұжымның ортасында жүріп, ұтымды істерге бастау – бас-ты міндетіміз.

– Судья әр үкімді жүректен өткізіп барып, ар мен заңды басшылыққа ала отырып шығаратыны мәлім. Бұл жүйеге салмақ салмай ма?

– Судья қызметінің қиындығы да, қызығы да осында. Әрине, сот шешімі – бұл жай ғана қағаздағы мәтін емес, ол адамның тағдырын айқындайтын үкім. Судья қандай іс болмасын, оны өз жүрегінен өткізбей, шешім шығара алмайды. Әрбір жәбірленушінің, әрбір айыпталушының жан күйзелісін, жағдайын көріп, естіп отырған соң, бейжай қарау мүмкін емес. Тіпті шешім шыққан соң да, «дұрыс баға бердім бе, әлде қателестім бе?» деген ойлар мазалап тұрады. Бұл – кез келген адал судьяның ішкі жан дүниесіндегі күрес. Себебі өмірде әртүрлі адамдар бар:

шынайы күйін жеткізе алмайтындар да, алдау арқылы жағдайды өзгеше етіп көрсететіндер де кездеседі. Сот процесінде мұндай жайттар көп болады. Кейбіреуіне сеніп те қаласың. Бірақ ақ пен қараны көңіл таразысынан өткізбейтін судьялар кемде-кем.

– Төраға болудың жауаптылығы жоғары десек те, адам өзінің өсуі, кемелденуі үшін ізденуі, еңбектенуі керек-ақ. Сіз бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

– Балалық шағым спортпен тығыз байланысты болды. Жас кезімде көгалдағы хоккеймен айналыстым. Бұл спорт түрі менің өмірлік серігіме айналды. Кәсіби деңгейде жаттықтым, халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындағанмын. Кейін Қызылорда облысында қызмет атқарып жүргенімде өңірлік федерацияны басқару бұйырды. Бұл мен үшін тек қоғамдық жұмыс емес, жаным қалаған іс еді.

Туған ауылым Тереңөзек – ел ішіндегі 12 мың халқы бар шағын елді мекен болғанымен, сол жерден 184 спорт шебері шыққанын мақтанышпен айтамын. Оның бесеуі халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Кезінде Алматы қаласы кәсіби спортта еш өңірді алға шығармайтын. Қызылорда облысынан шыққан қазақтың балалары – біздің команда алғашқы ел чемпионы болып мерейіміз тасыған 1985–1986 жылдар өмірімде ұмытылмайтай болып қалды.

Алматыда оқып жүргенімде де спортты тастамадым. Командалық рух, тәртіп, жеңіске деген ұмтылыс – бәрі өмірде де, қызметте де маған серік болып келеді. Қоғалдағы хоккей – Олимпиада бағдарламасына енген спорт түрі. Бірақ елімізде бұл сала әлі де болса жеткілікті қолдау таппай отыр. Егер мемлекет тарапынан тиісті деңгейде көңіл бөлінсе, біздің спортшылар да әлемдік аренада ел абыройын асқақтатар еді.

– Мамандықты дұрыс таңдау аса маңызды. Осы орайда өзіңіз сот болу туралы шешімге қалай келдіңіз?

– Алғашқы еңбек жолымды сот орындаушысы қызметінен бастадым. Шынымды айтсам, ол кезде судья боламын деген ой мүлде болған жоқ. Университетті бітірген соң, ұзақ жылдар аталған салада жұмыс істедім. Уақыт өте келе бұл саланың мән-маңызын тереңірек түсіне бастадым. Сот жүйесі – әділеттіліктің тірегі. Күнделікті өмірде кездесетін әділетсіздіктерге куә болып, халықтың мүддесін қорғай алатын салада еңбек еткім келді. Бұл ішкі ниет мені біртіндеп судья болуға жетеледі. Осы салада жұмыс істесем әділет жағына атсалысамын, халықтың сеніміне селкеу түсірмеймін деген ойға бекініп, судьялықты таңдадым. Жүрегім қалаған салада адал еңбек ету, сот саласының дамуына қылаудай да болса үлес қосу – азаматтық, адамдық борышым.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

ОРТАҚ МҮДДЕ

Көкшетауда облыстық Полиция департаментінің ұйымдастыруымен нашақорлыққа қарсы кең көлемді акция шаралары бастау алды. Негізгі мақсат бүгінде қоғамның ашы дертіне бітпес жарасына айналған нашақорлықпен күрес оның зияндылықтарын жастардың санасына сіңіруге бағытталыпты.

НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ҚОСАТЫН ҮЛЕС



Айлық шеңберінде тұтас облыс аумағында түрлі шаралар бірінен соң бірі жүзеге асырылып келеді. Акция аясындағы кезекті шара облыс орталығы – Көкшетауда шаһар жеке кәсіпкерлерінің қолдауымен жүзеге асырылды. Полиция қызметкерлері қамқорлыққа зәру тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға мереке ретінде қайырымдылық мәдени ойын-сауық бағдарламасын ұйымдастырды. Балалар қаланың шеткі жағындағы қарағай мен қайың көмкерген табиғаты сұлу Letto-парк демалыс базасында болып онда мотоциклдер, квадроциклдер мен автомобильдермен қыдыру, аниматорлардың қатысуымен түрлі ойындар, байқаулар мен көңілді басқа да шаралар жүргізіліп ол балалардың көңілінен шықты. Барлық балаларға тәтті балмұздақтар мен салқын сусындар, сондай-ақ басқа да тәтті сыйлықтар таратылды. Сондай-ақ шара барысында бала-

ларға «Сальто» батут орталығына қатынау және спорт дүкеніне сыйлық сертификаттары табыс етілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша бұл акция тек әлеуметтік қолдау мақсатында ғана емес нашақорлыққа қарсы күрес айлығы шеңберінде алдын алу жұмыстарының бір бөлігі ретінде қарастырылғанын айтады.

– Балалар мен жасөспірімдердің белсенді өмір салты мен позитивті қызығушылықтарын қалыптастыру, жағымсыз құбылыстардың оның ішінде есірткіге басқа да нашақорлыққа бағыттайтын заттарға тәуелділіктің алдын алудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Біз балаларға өз бос уақыттарын қызықты әрі қауіпсіз өткізудің өте көп түрлері бар екенін көрсетуге тырыстық, – дейді Ақмола облыстық Полиция департаментінің нашақорлық қылмысына қарсы іс қимыл жөніндегі басқарма өкілі Рәзия Курсанова.

Ұйымдастырушылар осынау шарада қалыс қалмай балалар үшін қайырымдылық акциясын ұйымдастыруда белсенділік танытқан, өз үлестерін қосқан кәсіпкерлерге шынайы алғыстарын білдірді. Өйткені мұндай шаралар өз кезегінде мемлекеттік органдарды, сондай-ақ қоғам мен бизнес өкілдерінің күшін бір арнаға тоғыстырып, жастардың

нашақорлыққа тәуелділігінің алдын алуға, келешек ұрпақтың салауатты әрі белсенді өмір салтын ұстануға ықпалын тигізеді.

Акция шеңберінде сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесіне бағытталған семинар шаралары да кеңінен өткізілуде. Полиция департаменті нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай есірткіге қарсы айлық шеңберінде Көкшетау қаласы мектептерінің директорлары, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары мен ата-аналарға арналған семинар ұйымдастырды. Шара өскелең ұрпақ арасында профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін «Химиялық және химиялық емес тәуелділіктердің зияндылығына бағытталыпты. Семинар шарасы «Жастар арасында есірткіге тәуелділікке, оның таралуына қарсы тұрудың құқықтық аспектілері» тақырыбында өткізілді. Білім беру мекемелерінің басшылары, директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, ата-аналар қауымының өкілдері қатысқан іргелі шараға осы саланың жілігін шағып майын ішкен, яғни қоғам арасында нашақорлықтың таралуы мен оның алдын алу бағытында жылдар бойы жұмыс істеген сарапшы мамандар да толғамды ойларын ортаға салды.

Семинар кездесуінің тізгінін қолына алған «Зерделі ұрпақ» үкіметтік емес ұйымының басшысы Гүлнар Оразбаева талқыланатын мәселелердің бесіктен белі жаңа шыққан жастар мен жасөспірімдер үшін ерекше өзектілігін, әсіресе олардың есірткі заттарына тәуелділігінің алдын алуда түрлі құрылымдардың күш-жігерін шоғырландырудың маңыздылығын атап өтті.

– Бүгінде есірткіге елітіп андамай жүріп нашақорлықтың шырмалуына ілініп қалып жатқан жастар-

дың қатары азаймай тұр. Сондықтан жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жиі ұйымдастыру олардың есірткі қылмыстарынан бойын аулақ салуына ықпал етпек. Бұл орайда тек күш құрылымдары ғана емес мемлекеттік органдар, оқу орындары мен ата-аналар да күш біріктіруі аса маңызды. Жастарымыздың есірткіге тәуелділігінің алдын алу елдің ертеңіне қосатын аса маңызды үлесіміз екенін түсінуіміз керек, – дейді Гүлнар Оразбаева.

Сондай-ақ шара барысында жиналғандар алдында есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының сарапшысы, дәрігер-психотерапевт және PhD докторы, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің құқық кафедрасында заң ғылымдарының магистрі сөз сөйлеп олардың әрқайсысы нашақорлыққа қарсы күрес жайлы мәселенің әртүрлі аспектілерін егжей-тегжейлі баяндап өтті.

Семинар барысында жастар арасында құмар ойындар, компьютерге және интернетке тәуелділік сияқты химиялық емес тәуелділік сонымен қатар есірткі заттарын, психоактивті құралдар мен алкоголь және кальян тұтыну сияқты химиялық тәуелділіктің де өсуімен байланысты аса өзекті мәселелер талқыға түсті.

Нашақорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі басқарма өкілі Рәзия Курсанова есірткі қылмыстарына қарсы күрестің құқықтық аспектілері жайлы егжей-тегжейлі түсіндіріп, сонымен қатар тыйым салынған заттарды тұтыну мен таратудың арғы жағында аса үлкен жауапкершіліктің тұратындығын атап өтті. Сонымен қатар мұндай қылмыстық оқиғалардың ішінде кәмелет жасына толмаған жастардың құқықбұзушылықтарының жаңа

үрдістері туралы әңгімелеп берді. Бұл орайда білім беру мекемелерінде ата-аналармен бірлесіп алдын алу жұмыстарын жүргізудің аса маңызды екені аталды.

Шараға арнайы шақыртылған дәрігер-психотерапевт, PhD докторы, Мария Прилучкая жасөспірімдер арасындағы тәуелділіктердің қалыптасуының психологиялық тетіктерін олардың алғашқы белгілерін атап өтіп, ата-аналардың қандай жағдайда ерекше назар аударып, қауіпті топтарды ертерек анықтаудың маңыздылығын, сонымен қатар есірткіге тәуелділікке ұшыраған балалар мен жасөспірімдерді түзету мен алдын алудың заманауи әдістеріне тоқталып өтті.

Спикерлер өз сөзінде есірткіге тәуелділікте мәселенің шешімін табуға кешенді ведомствоаралық тәсілді қолданудың маңыздылығына назар аударып, бұл орайда білім беру мекемелері, құқық қорғау органдары, медициналық ұйымдар мен ата-аналар қауымының бірлесе өзара тығыз қарым-қатынаста әрекет етудің қажеттігін жеткізді.

Семинар қорытындысында шара қатысушылары білім беру ұйымдарындағы профилактикалық жұмыстарды күшейту бойынша практикалық ұсыныстарды талқыға салып, жасөспірімдердің өз денсаулығы мен құқықтық санасына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру бойынша бағдарламаларды іске асыру жөнінде тәжірибелерімен бөлісті.

Мұндай кездесулер өскелең ұрпақтың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға мол ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



БЕЗБЕН

КЕҢСЕ – СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Сот кеңсесі – сот жүйесінің жүрегі һәм күретамыры. Кеңсе қызметі сот жұмысының тылы, сот саласындағы жылдамдық пен сапаның кепілі. Сотқа келген азаматтарды ең бірінші қабылдап, құжаттарын заңнама талабына сай тіркеп алып, жол көрсетіп, кеңес беруші де – кеңсе қызметкерлері.



Сот процесін ұйымдастырудағы кеңсе мамандарының күнделікті тіршілігін, жанкешті қызметін азаматтар біле білмейді. Арыз-шағым, материалдар сот өндірісіне түскеннен бастап, судья қарауына ұсынылғанға дейінгі жұмыстың өзі біраз еңбектен тұрады. Одан басқа сот отырысының талапқа сай өтуі сот мәжілісі хатшыларының ерен еңбегі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Сот отырысы біткеннен кейін де кеңсе қызметкерлерінің жұмысы жалғасады.

Сол сияқты кіріс және шығыс хат-хабарды қабылдау, есепке алу, тіркеу, жөнелту, сонымен қатар істердің статистикасы, сот процесінің қозғалысы тағы да басқа көзге көрінбейтін күнделікті кеңсе жұмыстары біраз

еңбектен тұрады. Бүгінгі таңда сот жүйесінің ескі қағидаларымен өмір сүрмей, жаңаша тыныс алуына бар мүмкіндік жасалды.

Жаңа технология кеңсе қызметінің жұмысын едәуір жеңілдетті. Атап айтқанда заманға сай қолданысқа енгізілген «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі; «Төрелік» жүйесі ыңғайлы байланыс көзі. «Сот кабинеті» елдегі сот органдарының электрондық сервисіне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезе. Соның арқасында құжаттарды қабылдау, талап-арыздарды, істерді автоматты түрде бөлу, сот талқылауы, сот қызметінің барлық кезеңі тез әрі сапалы атқарылууда.

Бүгінде сотта жаңа технологияны қолданудың көме-

гімен сот қызметі ашық, жедел, қолжетімді бола түсті. Жаңа технология азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауға мүмкіндік береді. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі енгізіліп, заманауи бағдарламалар арқылы, ақпараттық қызмет көрсетіліп, сот жүйесіне деген сенім одан әрі арта түсті. Жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері «Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Сонымен қатар мемлекеттік бажды онлайн режимде төлей алады және сот процесін электрондық түрде жүргізуге өтінім бере алады. Бұл үшін көрсетілген адамдар «Сот кабинетіне» тіркелу арқылы, электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы болып табылады.

Қазір Қазақстандағы сот жүйесінің ашықтығына күмән жоқ. Әсіресе, «Сот кабинеті» сервисіне қатысты көпшілік пікірі жоғары. Соттарға енгізілген жаңа технологиялар сот ашықтығының кепіліне айналды. Осылайша сот жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес кідіріссіз жетілдіріліп келеді. Бұл дегеніміз-кеңсе жұ-

мыстары уақытылы атқарылуына үлкен себепін тигізетінін білдіреді.

Сот жұмысын сапалы ұйымдастыру – басты мақсатымыз. Сот жүйесіне жаңадан келген жас мамандарға барлық жағдай жасалған, заманға сай жабдықтармен толық қамтылған, тек бар қойылатын талап: бірлесіп, ауызбіршілікпен заң аясында адал қызмет атқару маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Сот жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформалар аталған салаға жаңадан білікті мамандарды жұмылдыруға, әділ сот төрелігін орнықтыруға тиіс», екенін атап өтті. Мұндай шара ең алдымен қоғамның сотқа деген сенімін нығайту үшін жасалып отыр.

Барша міндеттерді тиімді шешу арқылы сот жүйесіндегі оң өзгерістерге қол жеткізуге болатынын және азаматтардың сотқа деген сенімі арта түсетіні рас. Осылайша сот кеңсесі соттың ішкі тірегі әрі жүрегі деп нақты айта аламын. Өз жұмысын жақсы көріп, сот жүйесіне жанашырлықпен қарап, үлкен сеніммен қызмет еткенде ғана мұндай жетістіктерге жете аламыз. Осындай ілкімді ісімізбен сот саласында қызмет етіп келе жатқан әріптестерімді 24 маусым – Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде рух алып, еліміздің сот жүйесін дамытуға белсене атсалысып, сот төрелігін жүзеге асыруда абырой мен сенімнің биігінен көріне берулеріңе тілектеспін!

Құралай ӘДІЛЕТОВА,
Қонаев қалалық сотының бас маманы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БІЛІМ

БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН ЕЛ БІЛІМГЕ КӨҢІЛ БӨЛЕДІ

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы республика көлемінде қолға алынған ең тиімді жобалардың бірі. Бұл жоба Қазақстандағы білім беру инфрақұрылымын жетілдіруге үлкен үлес қосады деп күтілуде. Аталмыш бағдарлама аясында Батыс Қазақстан облысында да ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Оған Бәйтерек ауданында ерекше қарқынмен құрылысы жүріп жатқан екі жаңа мектеп мысал.

Достық ауылында 1200 орындық өте ауқымды білім ордасының құрылысы да ұлттық жобаның бір бөлігі іспетті. Бұл мектеп аясында заманауи пәндік кабинеттермен жабдықталып, оқушылардың сапалы білім алуына озық үлгідегі жағдай жасалмақ. Бұдан бөлек, Байқоныс ауылында 300 орындық мектеп салынып жатыр. Бұл оқу орны ескі, апатты жағдайдағы мектептің орнын алмастырып, жергілікті оқушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы білім ордасына айналмақ.

Құрылыс барысымен арнайы танысқан Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Қайыржан Мендіғалиев пен облыстық білім басқармасының басшысы Елдос Сафуллин жобалардың сапалы әрі мерзімінде аяқталуына айрықша тоқталды.

Орал қаласының Жәңгір хан көшесіндегі 600 орындық жаңа мектептің құрылысы да қарқынды жүріп жатыр. Бұл жобалар аймақтағы үш ауысымды білім беру мәселесін шешуге бағытталған және қаланың білім саласына жаңа мүмкіндік пен тың серпін береді деп күтілуде.

Келешек мектептерге қатысты тың жобалардың іске қосылуы аймақтағы білім беру инфрақұрылымының сапасын жақсартып, оқушылар үшін заманауи, қауіпсіз және жайлы орта қалыптастырады. Келешек ұрпақ бүгінгі ізденістің ертеңгі игілігін көреді. Бәсекеге қабілетті, заманауи мектептер терең білім мен креативті жастардың ертеңгі жетістіктерінің кепілі. Болашағын ойлаған ел білімге инвестиция құяды. Оның кепілі – алғыр жастар, жаһандық бәсекеге қабілетті ұрпақ.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ТАРАТУ

10. «Іскер-қазанат» ЖШС (БСН 090140015542) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Бейсебаев көшесі, 147-үй.

11. «Алтын өмір КЗ» ЖШС (БСН 090140014336) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 6/2 ғимарат, 501-кеңсе.

12. «Спартак» ЖШС (БСН 960940000175, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 ш/а, 13-үй, 43-кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 7 ш/а, 18-үй, 45-пәтер. Тел. +77027802410.

13. «МАЗ ТЕХНИКА» ЖШС (БСН 110540007255) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесі, 160Б үй, 1-пәтер. Тел. +77078870808.

14. «СП Гермес LTD» ЖШС (БСН 090240016673) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесі, 160Б үй, 1-пәтер. Тел. +77016187585.

15. «Актобе Сервис Центр» ЖШС (БСН 050440003840) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесі, 160Б үй, 1-пәтер. Тел. +77015443309.

16. «Нұр-Шуақ А» мүгедек балалар қоғамдық бірлестік (БСН 140540026653) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Жеңіс көшесі, 27А үй. Тел. 87029112455.

17. «Ventana Trading (Вентана Трейдинг)» ЖШС (БСН 231040027813) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби көшесі. 77/1 үй, 13-пәтер.

18. «O.V.R. Company» ЖШС (БСН 230940014900, ҚР Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Тәттімбет көшесі, 709-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Республика даңғылы, 4, 286-пәтер, тел. 87004514514.

23. «РЕСТОМИР» ЖШС (БСН 221140032287, Алматы қаласы, Қарғалы шағын ауданы, Кенесары хан көшесі, 54/9 үй, н.п. 1) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 8 шағын ауданы, 78-үй, 14-пәтер, тел. 87788884548.

24. «ЛоЦентр» ЖШС (БСН 190640003151, ҚР, Z01G9A2, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қ.Аманжолов көшесі, 28-үй, 24-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Қ.Аманжолов көшесі, 28-үй, 24-пәтер, тел. 87079316003.

26. «CVB VALVES KAZAKHSTAN» ЖШС (БСН 240240031411) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Т.Масина көшесі, 16-үй, 2-пәтер.

27. «Ынтымақ» селолық тұтыну кооперативі (БСН 040340016251) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия ауылдық округі, Қызылқия ауылы, С.Нүсенов көшесі, 36-үй, пошта индексі 160300.

30. «АурумИнвестСтройТехнологии» ЖШС (БСН 091040009557) өз қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе қаласы, Н.Шайкенов көшесі, 20-32, тел: +77012098838.

31. «BC ASPAN» ЖШС (БСН 221040037363) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жетісу-3 шағын ауданы, 23-ғимарат, индекс 050063, тел. +77477984395.

32. «АМАНАТ 38-38/1 ТҮК» мүлік меншік иелерінің бірлестігі (МИБ) (БСН 221040010153) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 19-38-72, тел. 87016472759.

ӨРТУРЛІ

2. «Зәулім құрылыс» ЖШС (БСН 080240011165) «ТЕАБАЙ» ЖШС-ға (БСН 170140027296) қосылу жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Чайковский көше, 4/2 үй, 17-пәтер, пошта индексі 140000, телефон нөмірі +77076020088.

3. «ТЕАБАЙ» ЖШС (БСН 170140027296) өзіне «Зәулім құрылыс» ЖШС-ін (БСН 080240011165) қосу жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Чайковский көше, 4/2 үй, 17-пәтер, пошта индексі 140000, телефон нөмірі +77076020088.

4. «SPORT INVEST KZ» ЖШС (БСН 051140006291) өзіне «ПрофТехМед Строй КЗ» ЖШС-ін (БСН 230840017515) қосу жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, С.Нұрмағамбетов көшесі, 142-үй, т.е.ү. 1, пошта индексі 140000, телефон нөмірі +77076020088.

5. «ПрофТехМед Строй КЗ» ЖШС (БСН 230840017515) «SPORT INVEST KZ» ЖШС-не (БСН 051140006291) қосылу жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, С.Нұрмағамбетов көшесі, 142-үй, т.е.ү. 1, пошта индексі 140000, телефон нөмірі +77076020088.

6. 11.06.2025 жылы Ақтөбе облысының МАЭС ұйғарымы бойынша «Energy Trade Service» ЖШС-не (БСН 140340018942) оңалту туралы іс қозғалды. Ақтөбе қаласы, Сатпаев көшесі, 8а мекенжайына хабарласуыңызға болады.

7. «Рудненский водоканал» ЖШС (БСН 041240004108) Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 02.06.2025 жылғы №433 қаулысы негізінде жарғылық капиталдың 3 487 (үш мың төрт жүз сексен жеті) теңге сомасына 21 тиын төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/1 ғимарат.

8. Туберкулез жұқпалы ауруының ошақтарында дезинфекциялық іс-шаралар жүргізу
Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез ауруы тіркелген жағдайда науқас ауруханаға жатқызылғаннан кейін жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасынан дезинфекция орталығына қорытынды дезинфекция жұмыстарын жүргізуге тапсырыс түседі. Дезинфекция орталығы мамандары арнайы дезинфекциялық дәрілерді және құрал-жабдықтарды қолдана отырып ауру ошақтарында қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді. Науқастың төсек жабдықтары мен науқаспен жанасқан тағы да басқа заттар арнайы қапқа салынып, дезинфекциялық камерасында 30 минут залалсыздандырылады.

**ҚР ДСМ СЭБК
«ҰСО» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша
дезинфекция орталығы»
Сауран ауданындағы дезинфециялық
секторының нұсқаушы дезинфекторы
А.К.Сейсенбаевна**

9. Батыс Қазақстан облысының Теректі аудандық соты 2025 жылғы 12 маусымда Батыс Қазақстан облысында, Орал қаласы, Тұяқберді Шамелов көшесі, 80 мекенжайы бойынша тіркелген Физатұлла Хажмұхамбетұлы Дабисовтың, 1983 жылы 25 сәуірде дүниеге келген Орал ауданының тумасы Қанат Физзатұлы Дабисовты қайтыс болды деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғады. Қазақ Республикасы, Орал облысы, Приуральный ауданының тумасы Қ. Ғ. Дабисовтың тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдар болса, бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде көрсетілген телефондар бойынша хабарлауды сұраймыз: +7-711-332-13-73 (кеңсе), +7 (777) 567-41-40 (хатшы).

19. Хабарландыру
ЖШС «Қазконтракт» Компаниясы» қатысушыларының қайта тіркелуі туралы
Серіктестіктің жарғысына және ҚР «Жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы» заңының 12-бабына сәйкес серіктестіктің қатысушылары АҚ «Бағалы қағаздар орталық депозитарий», тәуелсіз тізілім ұстаушысына өздерінің жеке басын куәландыратын деректері, тұрғылықты жері, және т. б. мәліметтерінің өзгергені туралы хабарлауға міндетті.
АҚ «Бағалы қағаздар орталық депозитарий» тізілімінен алынған мәліметтер бойынша қатысушылардың көпшілігінде жеке құжаттарының күші жойылған (сондай-ақ тұрғылықты жері, байланыс деректері және т.б.).
Осыған байланысты, ЖШС «Қазконтракт «Компаниясы» өз қатысушыларынан Бағалы қағаздар орталық депозитарийінде бір ай мерзім ішінде қайта тіркеуден өтуді, сол жерде қолданыстағы дербес деректеріңізді енгізуді, содан кейін тіркелген тұлға туралы құжатты серіктестікке беру арқылы хабардар етуді сұрайды.
Қайта тіркелуді АҚ «Бағалы қағаздар орталық депозитарий» кеңселерінде, Алматы қаласында: Сәтбаев көшесі, 30/8, 163-кеңсе, және Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Амангелді Иманов көшесі, 13, «Нұр-саулет 2» БО, № 101 кеңсесіне жүгіну арқылы, жөнеде қосымша ақпаратты олардың сайтынан алуға болады https://kcsd.kz. Сондай-ақ, қосымша сұрақтар бойынша ЖШС «Қазконтракт «Компаниясы», Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 65, 302-кеңсе мекенжайына, немесе тел.261-01-82, +7(777)3535199 нөмірлері арқылы хабарласуға болады.

29. «Дельта Ломбард» ЖШС (БСН 230140009003) микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының қолданылуын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ерікті түрде жүгінетіні туралы хабарлайды. Лицензия нөмірі № 14.23.0001.Л 06.03.2023 ж. берілген.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

20. Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты 1969 жылы 25 шілдеде Ақмола облысының (Целиноград) тумасы Бауыржан Шәкірұлы Жабағинді қайтыс болды деп тану туралы Жанар Шәкірқызы Жабағинаның өтініші бойынша азаматтық іс қозғады. Бауыржан Шәкірұлы Жабағиннің тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдар хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына мына мекенжай бойынша хабарлауды сұраймыз: Астана қаласы, Гейдар Әлиев көшесі, 6.

28. «Смартолёт Финанс» Микроқаржы ұйымы» ЖШС заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. 2025 жылдың 16 маусымынан бастап жаңа мекенжайы: 050059 (A15E2P5), Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 15 үй, 4В т/е. үй-жай.

33. «Рудный жылу желілері» ЖШС Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2 құрылысы (БСН 221040021614) кредиторларға жарғылық капиталдың 1 929 837 теңгеге (бір миллион тоғыз жүз жиырма тоғыз мың сегіз жүз отыз теңге 08 тиын) азайғаны туралы хабарлайды. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР заңының 27-бабының тәртібімен серіктестіктің кредиторлары хабарлама алған немесе хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не серіктестіктің тізсті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар серіктестікке жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша жіберіледі: Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2 құрылыс, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін. Анықтама телефоны (71431) 2-47-64 зангер, 2-47-05 қабылдау бөлмесі.

МҰРАГЕРЛІК

21. 2025 жылдың 18 ақпанында қайтыс болған Пирманов Канат Сарыбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге Түркістан облысы нотариаттық округінің нотариусы А.О.Нәлжігітовке Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 20-үй, 1-ғимарат бойынша хабарласуды сұраймын. Тел. +77027115414.

22. 2025 жылдың 25 наурызында қайтыс болған Калыбекова Клارشин Мукамаевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Б.А.Рахмаеваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Гагарина көшесі, N102. Тел. 87788954704.

ЖОҒАЛУ

25. Алматы облыстық білім басқармасының2021 жылы 01.06., күні №935-ж/қ бұйрығымен бекітілген «Алматы облысы білім басқармасының Кеген ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ыдырыс Көшкінов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, БСН 090340019453, мектеп жарғысының түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

**ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:**

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:**

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, **www.zangazet.kz**, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, **www.zan-info.kz**

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

– **Бота Серікқызы, өңірдегі экономикалық ахуалды оңалтудағы оң өзгерістерді атап берсеңіз?**

– 2025 жылдың алғашқы төрт айында ауданымызда бірқатар көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалды. Өзгерістер туралы айтқан кезде сөзді аудандағы инвестициялық ахуалдан бастаған жөн шығар. Биыл оның көлемі 6 млрд 122,5 млн теңгені құрап, өсім 95,1 пайыз болды. Өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі өсті. Былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда айырма 95,1 пайызға тең. Оған «OTAN Green Food» ЖШС-нің ветеринариялық-санитариялық жұмыстарға байланысты өндіріс көлемін уақытша азайтуы әсер етті.

Ауданымыздың аграрлық секторында биыл 14 млрд 720 млн теңге көлемінде ауыл шаруашылық өнімі өндірілді. Былтырғы сәйкес кезеңде ол 14 млрд 234 млн теңгені құраған болатын. Яғни, нақты көлем индексі 102,3 пайызды құрап, бұл салада айтарлықтай жоғары өсім тіркелді.

– **Алматы облысындағы шекаралық аудандардың бәрінде ауыл шаруашылығы негізгі өндірістік сала саналады. Бұл жағдай Ұйғыр ауданына да тән. Бұл бағытта биыл өзіңіз жетекшілік ететін өңірде қандай іс-шаралар жоспарланған?**

– Ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында 2025 жылға республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен жоспарланған іс-шаралар ауқымды. Алдымен Ұйғыр ауданының төменгі аймақтағы суару желілерін қайта құру жұмыстарына ұлттық қор есебінен – 1 млрд 250 млн теңге; екіншіден, ұзындығы 322,7 км төменгі аймақтың коллекторлық-дренаждық жүйелерін ағымдағы жөндеуге және механикалық тазарту жұмыстарына – 300 млн теңге бөлінді. Үшіншіден, Кіші Дихан, Ават, Шошанай, Дардамты, Кіші Ақсу ауылдарындағы таулы өзендерде су қоймасын салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 50 млн теңге бөлінді. Үшіншіден, Кіші Дихан, Ават, Шошанай, Дардамты, Кіші Ақсу ауылдарындағы таулы өзендерде су қоймасын салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 50 млн теңге бөлінді. Үшіншіден, Кіші Дихан, Ават, Шошанай, Дардамты, Кіші Ақсу ауылдарындағы таулы өзендерде су қоймасын салуға әзірленген техникалық-экономикалық негіздемелі түзетуге 43,8 млн теңге бөлінсе, Шалкөде жайлауына аппаратын жолды жөндеуге 60 млн теңге бөлу жоспарланған.

Агроөнеркәсіпті өркендетуде мал шаруашылығындағы ветеринария саласының маңызы зор. Сол себепті 2025 жылға облыстық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жануарларды уақытша ұстаудың модульдік пунктін салуға; блокты-модульдік

Бота ЕЛЕУСІЗОВА,

Алматы облысы Ұйғыр ауданының әкімі:

ӨҢІРІМІЗДЕ ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП



ветеринарлық пунктті сатып алуға; сондай-ақ аудан бойынша 7 мал қорымы құрылысының сметалық құжаттамасын әзірлеуге қомақты қаржы қарастырылды.

– **Сауда мен құрылыс саласындағы іргелі жобаларға да тоқтала кетсеңіз?**

– Бөлшек сауда тауар айналымы 3 млрд 874 млн теңгені құрап, өсім 179,7 пайызды көрсетті. Былтырғы сәйкес уақытта оның көлемі 2 млрд 14 млн теңгені құраған болатын.

Құрылыс жұмыстарының көлемі биыл 1 млрд 350 млн теңгеге жетіп, ондағы өсім 110,4 пайызды межеледі. Қолданысқа берілген тұрғын үй көлемінде де өсім бар. Атап айтқанда, биыл 4 айда 4 288 шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2188 шаршы метрге артық.

– **Өңір экономикасының дамуын жақсартуда көлік қатынасының орны ерекше. Сол себепті сауда туралы айтқан кезде автокөлік жолдарын назардан тыс қалдыру мүмкін емес. Бұл саланың жай-күйі қалай?**

– Аудан бойынша автокөлік жолдарының ұзындығы 1123 шақырым. Оның 281 шақырымы республикалық

маңызы бар, 312 шақырымы облыстық маңызы бар, қалғаны жергілікті жолдар. 2024 жылы бес жобаға 1,7 млрд теңге қаражат қарастырылып, Шонжы, Дардамты, Рахат, Ақтам және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Үлкен Ақсу ауылдарының 21,2 шақырым ішкі көше жолдарына орташа жөндеу жүргізіліп, жол сапасының жақсаруы 78 пайызға жетті. Биыл Шонжы (Қарақұл батыр, Уәлиханов, Талқанбаев, Қадырбаев және Абай даңғылына дейін), Үлкен Ақсу, Ақтам, Кіші Ақсу және Рахат ауылдарының жалпы 25 шақырым ішкі көше жолдарын орташа жөндеуге 1 млрд 276,6 млн теңге қаражат қарастырылды. Соның нәтижесінде сапалы жол көлемін 81 пайызға ұлғайту жоспарлануда.

– **2023 жылы басталған Халыққа қызмет көрсету орталығының құрылысы қашан аяқталады? Жалпы тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым бойынша жобаларға бөлінетін қаражат жеткілікті ме?**

– Халыққа қызмет көрсету орталығының құрылысы жобасына 1 млрд 168 млн теңге бөлінген. Бұдан бөлек аудандық кітапхана ғимараты да қайта жаңғыртылып жатыр.

Кезекте тұрған аудан тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылы республикалық бюджеттен 230,7 млн теңге, облыстық бюджеттен 1 млрд 988 млн теңге қарастырылған. Яғни, бюджеттік қаржының жалпы көлемі 2,2 млрд теңгеден асып отыр. Сонымен қатар, Үлкен Ақсу ауылында жеке тұрғын үй құрылысының инженерлік коммуникациялық желілерінің құрылысына 209 млн теңге қарастырылды.

– **Құрылыс саласында тағы қандай іс-шаралар жоспарланып отыр?**

– Ауданның перспективалық дамуын ескере отырып, Шонжы ауылының қолданыстағы электр беру желілерін құрылыс аумағынан шығарып, қуаттылығын одан әрі арттыру үшін жаңа қосалқы станцияның құрылысына жобалық сметалық құжат әзірленуде. Бұл жобаның құны 76,9 млн теңге, мердігері «Алматы проект энергострой» ЖШС. Сонымен қатар, құрылыс саласында өтпелі және жаңадан ЖСҚ-лар әзірленуде. Оның ішінде «Қырғызсай ауылдық округі әкімшілік ғимаратының құрылысы»; «Кіші Дихан ауылдық округі әкімшілік ғимаратының құрылысы»; «Қырғызсай ауылындағы мәдениет үйінің құрылысы» нысаны және 3 дана антенна діңгек құрылыстарының құрылысы бойынша қажетті қаржы қарастырылған.

– **Коммуналдық саладағы қордаланған мәселелер мен елді мекендерді газдандыру қалай шешілуде?**

– Аудан орталығының тозығы жеткен су құбырларын жаңарту үшін биыл құрылыс монтаждау жұмыстарына қомақты сома қарастырылып, конкурстық рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде. Қырғызсай ауылының ауыз су жүйелерінің жаңа құрылысы мен қайта құру жұмыстары басталып кетті. Қалжат ауылының ауыз су жүйелерінің жаңа құрылысы мен қайта құру жұмыстарының бастамасына да көлемді қаржы бөлінген. Сүмбе ауылындағы сумен жабдықтау жүйесінің құрылысына, Тасқарасу ауылының жер асты сулары көтерілуіне байланысты дренаж жүйесін қайта жаңартуға да қолдау жасалған.

Ал таулы аймақта орналасқан елді мекендерді табиғи газ құбырына қосу мақсатында автоматтандырылған газ тарату станциясын салуға жобалық сметалық құжаттама даярланып, оған 136,9 млн теңге қаражат бөлінді. Бірінші кезеңде Кіші Дихан, Үлкен Дихан, Қалжат, Кетпен ауылдарына газ құбырын тарту көзделген. Қалған елді мекендерді газдандыру кезек-кезеңімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Шонжы ауылындағы көп қабатты тұрғын үйлерді жылумен жабдықтауда газға арналған автономды Блокты-модульді қазандықты салуға 135 млн теңге қаражат беріліп отыр.

– **Халық тұрмысын жақсарту-**

да білім, денсаулық, спорт және мәдениет салаларының орны бөлек. Онда қандай жаңалықтар бар?

– Білім саласы бойынша 2025 жылға Дардамты және Ақтам ауылдарына жаңа мектептің құрылысына жобалық сметалық құжаттамалары әзірленуде. Сондай-ақ Шонжы ауылындағы №1 мектеп-лицейдің спортзалын сейсмикалық қауіпсіздігін күшейте отырып қайта жөндеу жұмыстары да қолға алынды.

Денсаулық сақтау саласында биыл «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Ават, Тиірмен, Кіші Дихан ауылдарына дәрігерлік амбулатория, Ақтам, Дардамты, Шырын ауылдарында ФАП-тың құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталады.

Спорт саласында биылғы жылға Дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысын қайта жандандыруға 617 млн теңге қаражат қарастырылды. Қазіргі таңда кешен құрылысының жобалық сметалық құжаттамасы сараптамаға жіберілді. Мәдениет саласында 21 нысан тіркелген, 6 мәдениет үйі мен 15 клуб бар. 10 нысан апатты жағдайда.

Жоспарланған жобалар кезек-кезеңімен жүзеге асып жатыр. Әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымдық тұрғыда дамуды қамтамасыз ету – басты мақсатымыз. Ауданымыздың келешегі жарқын болатынына сенеміз.

– **11 маусымда Шонжы ауылында «Өрік фестивалін» өткізген екенсіздер. Алғаш рет ұйымдастырылған бұл шараның ауданға берері не?**

– Қазіргі таңда ауданымызда бақтардың жалпы көлемі 4095 гектарды құрайды. Оның ішінде 3193 гектары – өрік бақтары. Бұл – ауданымыз үшін үлкен әлеует. Осыған орай, биыл алғаш рет «Өрік фестивалін» өткіздік. Оның аясында жергілікті кәсіпкерлер мен тұрғындар өз қолдарымен әзірлеген өріктен жасалған түрлі сусындар мен өнім түрлерін ұсынды. Өте әдемі, мазмұнды, қызықты шара болды. Бұл фестиваль – жергілікті өнімді насихаттау, ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін көрсету тұрғысынан аса маңызды оқиға деп есептеймін.

Ауданымызда өрік пен шабдалыны кептіретін арнайы зауыт ашылар күн жақын. Бұл бастама – тек ауыл шаруашылығын дамыту емес, сонымен қатар өнімді ішкі нарыққа да, экспортқа да бағыттау мақсатында жүзеге асырылып жатыр. Яғни, болашақта бұл өнім түрлері еліміздің сыртқы нарығына да жол тартатын болады.

– **Сұхбатыңызға рақмет. Бастамаларыңыз баянды болып, аудан өсіп-өркендей берсін.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ИГІ ІС

ӨРІК ФЕСТИВАЛІ – ТУРИЗМДІ ЖАНДАНДЫРУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Алматы облысының Ұйғыр ауданында алғашқы өңірлік Apricot Fest өрік фестивалі өтті. Іс-шара фермерлерді, қолөнершілерді, өңдеуші кәсіпорындарды, туристер мен әлеуетті инвесторларды бір алаңда тоғыстырып, өңірдің жазғы туризм күн төртбііндегі маңызды оқиғасына айналды.

Фестиваль өткізілетін орын ретінде Ұйғыр ауданының таңдалуы кездейсоқ емес – бұл өңір Қазақстанның өрік астанасы саналады. Жалпы 4 095 гектар жеміс бауларының 3 100 гектарынан астамы өрікке тиесілі. Жыл сайын мұнда 20-22 мың тоннаға дейін өнім жиналады, оның шамамен 4 мың тоннасы Ресей, Қырғызстан және Өзбекстанға экспортталады. Қалғаны ішкі

нарықта сатылып, бір келісі 250–300 теңге аралығында бағаланады.

Фестивальдің ашылу рәсіміне облыс, аудан басшылығы, кәсіпкерлер мен қоғам өкілдері қатысты. Алматы облыстық мәслихатының төрағасы Қуат Байғожаев Apricot Fest экотуризм мен өңірлік экономиканың дамуына серпін беретін жобалардың бірі екенін атап өтті: «Экотуризм

– бұл табиғатты, жергілікті өнімдерді және мәдени ерекшелікті ұштастыратын бағыт. Apricot Fest – осы синергияның жарқын мысалы. Ең маңыздысы – фестивальге шетелдік кәсіпкерлер қызығушылық танытып отыр. Мәселен, Қырғызстан мен Өзбекстаннан келген кәсіпкерлер алғашқы фестиваль аясында өрік сатып алу бойынша келісімдер жасасты», – деді ол.

Алматыдан келген қонақ Гүлжан Токтарханова әсерімен бөлісті: «Біз бұл жаққа бүкіл отбасымызбен келдік. Керемет әсер алдық! Жылы атмосфера, дәмді тағамдар, балаларға ар-



налған ойын-сауықтар – барлығы өте ұнады. Мұндай шаралар – өңірдің келбеті. Біз міндетті түрде қайта келеміз!»

Фестиваль ішкі туризмге деген қызығушылықты арттырады. 2024 жылы Алматы облысына келген туристер саны 20%-ға артты. Шетелдік туристер саны бойынша өңір ел ішінде үшінші орынға шықты. Туризм саласына 45 млрд теңгеден астам инвестиция тартылып, 20 жаңа жоба жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта облыс аумағында туристерге 40-тан астам бірегей табиғи нысан мен 57 бағыт қолжетімді. Олардың қатарында Шарын каньоны, Көлсай мен Қайыңды көлдері, ұлттық парктер мен визит-орталықтар бар. Этноауылдар, кемпингтер мен жаяу бағыттар белсенді дамып келеді. Биыл тек екі ұлттық парк инфрақұрылымын дамытуға 170 млн теңге бөлінді. Алматы облысы өзінің туристік әлеуетін ха-

лықаралық деңгейде де танытып жатыр. Өңірдің туристік таныстырылымдары BBC, TripAdvisor платформаларында, сондай-ақ Қытай мен Оңтүстік Кореяда көрсетілуде. Мұнда Tengri Ultra, Oceanman Kazakhstan, Қонаевтағы әуе шарлары фестивалі, «Ұлы дала жорығы» сияқты ауқымды шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

Алматы облысы Туризм басқармасының басшысы Қуанышбек Мирамбекұлының айтуынша, 2026 жылдан бастап фестивальді көктемде – өрік гүлдейтін уақытта өткізу жоспарланып отыр. «Сәуір айында өрік бағы ерекше әдемі көрінеді. Табиғаттың бұл сұлулығы фестивальдің атмосферасына ерекше көрік беріп, туристер ағынын арттырады деп сенеміз», – деді ол.

Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана
Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы
Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы
Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы
Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы
Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы
Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы
Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы
Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6327 дана
Апталық таралым 12 654 дана

Тапсырыс №91 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31